

## **Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (46-шығарылым) бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 22 маусымдағы № 244 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 маусымда № 20890 болып тіркелді

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (46-шығарылым) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (46-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 493-ө-м бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8232 болып тіркелген, 2013 жылғы 2 қазанда № 224 (28163) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

*Б. Нурымбетов*

**КЕЛІСІЛДІ**

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігі

**КЕЛІСІЛДІ**

Қазақстан Республикасы

## **Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (46-шығарылым)**

### **1-тарау. Кіріспе**

1. Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (46-шығарылым) (бұдан әрі – БТБА (46-шығарылым) тігін өндірісі жұмыстарын қамтиды.

2. БТБА-ны (46-шығарылым) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген.

3. Тарифтік-біліктілік сипаттамалар осы БТБА-да (46-шығарылым) көрсетілген өндірістер мен жұмыс түрлері бар ұйымдардың меншік нысанына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, олардағы жұмысшылардың жұмыстарын тарификациялаған және біліктілік разрядтарын белгілеген кезде қолданылады.

### **2-тарау. Тігін өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары**

#### **Параграф 1. Арнайы баскиімдер аппаратурасының монтаждаушысы, 4-разряд**

4. Жұмыс сипаттамасы:

шлемофондар мен басқа да арнайы баскиімдерде аппаратураны монтаждау;  
монтаждаудың дұрыстығын тексеру.

5. Білуге тиіс:

арнайы баскиімдер аппаратураны монтаждау әдістері мен амалдары;  
арнайы баскиімдердің түрлері;  
монтажалған аппаратураны тексеру қағидалары мен әдістері.

#### **Параграф 2. Баскиімдерді қалыптаушы, 4-разряд**

6. Жұмыс сипаттамасы:

әйелдерге арналған шляпалардың қаңқаларын қалыптау;  
қаңқаларды желімдеу, кептіру;

қалыптарды кептіру шкафына салу және одан шығару.

7. Білуге тиіс:

әйелдерге арналған шляпалардың қаңқалар қалыптаудың әдістері мен амалдары;

қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;

бұйымдардың ассортименті мен қалыптардың түрлері;

кептіру режимдері;

желімнің сапасы;

кептіру шкафының жұмыс істеу принципі.

### **Параграф 3. Баскиімдерді қалыптаушы, 5-разряд**

8. Жұмыс сипаттамасы:

жүн және құс жүні қалпақтарынан фетр шляпаларды қалыптау;

желімдеу, сөгу, ұзындығы мен еніне қарай созу;

қалыпқа керу;

рельефтерді, бүкпелерді, түктерді келтіру;

фетр шляпаларды қалыпқа бекіту және кептіру;

қалыптарды кептіру шкафына салу және одан шығару.

9. Білуге тиіс:

желімдеу, сөгу, созу, қалыпқа керу, рельефтерді, бүкпелерді, түктерді келтіру, қалыпқа бекіту әдістері мен амалдары;

фетр шляпалардың ассортименті мен қалыптардың түрлерін, фетрдің қасиеттері;

кептіру режимдері;

ақаулардың пайда болу себептерін және оларды алдын алу шаралары.

### **Параграф 4. Баскиімдердің сәнгері, 3-разряд**

10. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен мақта-мата мен зығыр матадан (барқыттан, вельветтен басқасы) жазғы баскиімнің барлық түрін үлгілер бойынша жасау және жөндеу.

11. Білуге тиіс:

мақта-мата мен зығып матадан баскиім жасаудың және жөндеудің әдістері мен амалдары;

жазғы типті баскиімнің ассортименті;

қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;

машиналардың мақсаты, қолданылатын құралдар мен оларды пайдалану қағидалары.

### **Параграф 5. Баскиімдердің сәнгері, 4-разряд**

12. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен жүн және жібек материалдардан, барқыт вельветтен, үлгілер бойынша сабан жиектеме, жасанды теріден, былғары мен күдеріден кепештер, фуражкаларды, күнқағарсыз шапкалардың барлық түрін, түрлі материалдардан жиектері қайып тігілген әйелдерді жазғы шляпаларын, баскиімдер жасау және жөндеу.

13. Білуге тиіс:

көрсетілген материалдардан баскиімдер жасау және жөндеу әдістері мен амалдары;  
қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;  
баскиім жасау технологиясы;  
қызмет көрсететін машиналардың жұмыс істеу принципі.

## **Параграф 6. Баскиімдердің сәнгері, 5-разряд**

14. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен үлгілер бойынша "сәлде" типті, бүрмеленген, әртүрлі материалдармен күрделі әшекейленген, табиғи үлбірден, былғары мен күдеріден, синтетикалық вельветтен, жібек барқыттан, "жүн-қауырсын", целлофаннан, рафтан, "кендірден", моноталшықтан баскиімдер жасау және жөндеу.

15. Білуге тиіс:

көрсетілген материалдардан баскиімдер жасаудың және жөндеудің әдістері мен амалдары;  
операцияларды орындау жүйелілігі;  
қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;  
ақаулардың пайда болу себептерін және олардың алдын алу шаралары;  
қызмет көрсететін машиналардың құрылысы.

## **Параграф 7. Баскиімдердің сәнгері, 6-разряд**

16. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен әртүрлі материалдардан, былғары мен үлбірден баскиімдердің модельдері мен үлгілерін жасау.

17. Білуге тиіс:

көрсетілген материалдардан баскиім жасаудың және жөндеудің әдістері мен амалдары;  
операцияларды орындау жүйелілігі;  
қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;  
ақаулардың пайда болу себептері және олардың алдын алу шаралары;  
қызмет көрсететін машиналардың құрылысы.

## **Параграф 8. Желімдеуші, 1-разряд**

18. Жұмыс сипаттамасы:

желімдеуге, жабыстыруға арналған тігін бұйымдарының бөлшектері мен тігістерін бензинмен жуу жұмыстарын орындау;

желімдегеннен кейін арнайы маталардың бетін және тігін бұйымдарының тігістерін пудралау.

19. Білуге тиіс:

желімдеуге, жабыстыруға арналған тігін бұйымдарының бөлшектері мен тігістерін бензинмен жуу жұмыстарын орындау әдістері мен амалдары;

желімдегеннен кейін арнайы маталардың бетін және тігін бұйымдарының тігістерін пудралау тәсілдері.

## **Параграф 9. Желімдеуші, 2-разряд**

20. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен суреттер бойынша материалдарға төсеме бөлшектерін желімдеу жұмыстарын орындау, тігін бұйымдарының бөлшектерін желімдеу;

тігін бұйымдарының жабыстырылған бөлшектеріне жұмсақ пресс салу;

желімдеуден, жабыстырудан кейін тігін бұйымдарының бөлшектері мен тігістерін кептіру және орау;

полиэтилен пленкадан жасалған пакеттерді полимер пленкаларды дәнекерлеуге арналған машинада желімдеу.

21. Білуге тиіс:

төсеме бөлшектерді материалдарға жабыстырудың, желімдеу және илемдеу әдістері мен амалдары;

орындалатын жұмыстарға арналған машиналар мен құрылғылардың мақсаты мен қолдану қағидалары.

## **Параграф 10. Желімдеуші, 3-разряд**

22. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен негізгі бөлшектерді тігін бұйымдарына, тігін бұйымдарының тігістеріне теріс жағынан жабыстыру жұмыстарын орындау;

тігіндердің саңылау орталықтай отырып желімдеу;

жабыстырылатын бөлшектерге желімдеу қоспасын жағу.

23. Білуге тиіс:

негізгі бөлшектерді жабыстыру, желімдеу, қоспасын жағу әдістері мен амалдары;

тігін бұйымдарының мақсаты;

қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;

қолданылатын машиналардың жұмыс істеу принципі.

## **Параграф 11. Желімдеуші, 4-разряд**

24. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен негізгі бөлшектерді тігін бұйымдарына, тігін бұйымдарының тігістеріне оң жағынан жабыстыру, бөлшектерді жабыстыру, қолғаптың тігістерін желімдеу жұмыстарын орындау.

25. Білуге тиіс:

бөлшектерді жабыстыру, қолғаптың тігістерін желімдеудің әдістері мен амалдары; қолданылатын машиналардың құрылысы.

## **Параграф 12. Кестеші, 1-разряд**

26. Жұмыс сипаттамасы:

материалдарды кергішке тарту;

жіптердің ұшын түю;

кестеленген жаймадағы аралық жіптерді кесу;

майда моншақтарды, жіптерді таңдау;

жаққыштар, щеткалар, шашақтар жасау үшін бөлшекті және бұйымды есептеу, кесу шетіндегі жіптерді тарту;

бұйымның бұрыштарын өңдеу.

27. Білуге тиіс:

материалды кергішке тарту, жіптің ұшын түю, аралық жіптерді кесу, жіптері әртүрлі өрілген матаның шетіндегі жіптерді тарту тәсілдері;

жіптерді есептеу қағидалары;

жіптердің, майда моншақтардың түрлері мен түстері;

ине мен жіптердің нөмірлері.

## **Параграф 13. Кестеші 2-разряд**

28. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен әртүрлі материалдарға (капрон, шифон, жоржет, тюль, барқыт, крепдешиннен басқа) кесте тігу, қарапайым немесе фасонды айшықпен сызықты мережкамен суреттің бойымен қайып тігу, мата қиындыларындағы деректемелерді, операциялық кестелерді салу;

бұйымның шетіне шашақ тоқу;

апликация салып тігу;

кестеленген және жеке бұйымдарды, фестондар мен шілтерді және тігіндерді машиналарда жасалған тігіндерді арнайы қайшымен кесу;

тік мережка, тік сызықты нысандағы қарапайым мотивтер жасау үшін жіпті есептеу, кесу және тарту;

қарапайым немесе фасонды айшықпен көмкерлеу.

29. Білуге тиіс:

сызықты мережканы, қарапайым немесе фасонды айшықпен кестелеудің, суреттің жиегін қайып тігудің, аппликация жабыстырудың, кесіп алмай және жеке тігілген бұйымдардың суреті, фестондар мен шілтерді, тігіндерді бұзып алмай арнайы қайшымен қиюдың, тік мережка, тік сызықты нысандағы қарапайым мотивтер жасау үшін жіптерді тартудың, жиектерін көмкерудің әдістері мен амалдары;

жіптерді есептеу қағидалары;

қолданылатын машиналардың мақсаты;

жіпті керуді, тігіс жиілігін, жіпті сабақтауды, ине мен кергішті орнатуды, шөлмекті ауыстыруды, қолданылатын машинаны іске қосу және орнатуды реттеу қағидалары.

### **Параграф 14. Кестеші, 3-разряд**

30. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен әртүрлі материалдарда (капрон, шифон, жоржет, тюль, барқыт, крепдешиннен басқа) қарапайым және күрделілігі орташа айшықтар мен суреттерді аппликациямен, біртегіспен, әртүрлі креспен, сатылы формалы мережкамен, мотивпен, бридпен, әртүрлі сеппемен, біртегіс білікшемен, төсемен, бридтегі ілмекпен және суреттің жиегімен, бекіткішпен, ришельмен, канительмен, мишурамен, стекляруспен тігу;

шілтерлі машиналарда жасалған айшықтардың суреті жоқ жерлерін, аппликацияларды, мотивтерді, суреттерді, ришельні арнайы қайшымен кесу;

кестелеу машиналарында жасалған суреті жоқ айшықтарды және тігіндерді машинада кесу;

сынық, зигзаг тәрізді, фигуралық мережка, ромб, үшбұрыш, бұрыш түріндегі фигуралық мотивтер жасау үшін жіптерді есептеу, кесу және тарту.

31. Білуге тиіс:

қарапайым және күрделілігі орташа айшықтар мен суреттерді кестелеудің, сынық, зигзаг тәрізді және фигуралық мережка, ромб, үшбұрыш, бұрыш түріндегі фигуралық мотивтерді жасау үшін жіптерді тартудың әдістері мен амалдары;

қолданылатын машиналардың жұмыс істеу принципі;

айшықтар мен суреттердің орналасуын есептеу және орналастыру қағидалары.

### **Параграф 15. Кестеші, 4-разряд**

32. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен әртүрлі материалдарда (капрон, шифон, жоржет, крепдешин, тюль, барқыттан басқа) күрделі айшықтар мен суреттерді (сызықтар мен геометриялық фигуралардың параллельдігін сақтауды талап ететін айшықтар мен

суреттер, шағын пішінді суреттер, сондай-ақ кестелеу кезінде жіпті жиі үзуді талап ететін суреттер), аппликациямен, біртегіспен, әртүрлі креспен, сатылы формалы мережкамен, себеппен, бридпен, әртүрлі сеппемен, біртегіс білікшемен, төсемен, бридтегі ілмекпен және суреттің жиегімен, бекіткішпен, ришельеме тартпамен кестелеп тігу: "бабий", "кепе", "қаз", "себетше", "қаракүл", "айналдыра орау" тігістерімен, канительмен, әсемдікпен, стекляруспен тігу;

картон сала отырып немесе тордың бұралған жібімен, жылтырақпен, ілмекпен бекіту.

33. Білуге тиіс:

күрделі айшықтар мен суреттерді кестелеп тігудің әдістері мен амалдары;

қолданылатын машиналарының құрылысы, жұмыс принципі және пайдалану қағидалары.

## **Параграф 16. Кестеші, 5-разряд**

34. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен әртүрлі материалдарда аса күрделі көркем стильді түрлі түсті және кестелі айшықтарды "гипюр", "вологод шынысы", "венециандық тігіс", "қапталған тігіс" техникасымен, "жіп", "иірмелі", "кілем тәрізді" тігістерімен кестелеп тігу, капрон, шифон, жоржет, крепдешин, тюль, барқыт матаға салатын айшықтар мен суреттердің барлық түрлерін кестелеу;

кісінің суреті, сурет, эмблемаларды кестелеу;

күрделендірілген көп түсті кестелеу;

жаймалардың әртүрлі және түрлі түсті түрлеріне бағдарламамен басқарылатын жабдықтарда бағдарламаны дискетке жаза отырып және перфокартаға баса отырып, аппликация орнату.

35. Білуге тиіс:

айшықтар мен суреттердің барлық түрлерін әртүрлі тігістермен және техника түрлерімен кестелеудің әдістері мен амалдары;

қолданылатын машиналардың құрылымдық ерекшеліктері мен пайдалану қағидалары.

## **Параграф 17. Кестеші, 6-разряд**

36. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен әртүрлі материалдарда әртүрлі геометриялық немесе өсімдік оюларынан алынған аса күрделі көркем стильді айшықтарды, басқа да элементтер мен мотивтерді, көркем материалды алдын ала зерттеуді, қосымша суреттемелерді және күрделі есептерді қажет ететін әр түрлі күрделі әшекейлерді және техника түрлерін қоса отырып көркем кестелеу.



37. Білуге тиіс:

күрделі есептер мен айшықтардың барлық түрлерін көркем кестелеу техникасының әртүрлі түрлерімен орындаудың әдістері мен амалдары;  
ұлттық киімдерді тігу элементтерін.

### **Параграф 18. Костюм жөніндегі суретші, 3-разряд**

38. Жұмыс сипаттамасы:

сән үрдісін ескере отырып, күрделі емес киімдердің эскиздерін шығармашылық дайындау және материалда жекелеген бұйымдарды: халат, пижама, жеңіл көйлектер, өндірістік киімдерді жасау бұйым жасау үшін материалдардың үлгілерін өңдеу;  
күрделі технологиялық буындарды өз бетінше жасау.

39. Білуге тиіс:

киімді мақсаты бойынша жіктеуі;  
сурет, бейне, композиция, пластикалық анатомия негіздері;  
киімді құрастыру және үлгісін жасау тәсілдері;  
киім жасау және заманауи өңдеу технологиясы.

### **Параграф 19. Костюм жөніндегі суретші, 4-разряд**

40. Жұмыс сипаттамасы:

сән үрдісін ескере отырып, әртүрлі ассортименттегі маталар үшін киім бұйымдарының күрделі эскиздерін шығармашылық дайындау;  
үлгі эскизіне сәйкес құрылымдар мен лекалолар жасау;  
бұйымдарды технологиялық өңдеу және оларды материалда: жейде, юбка, шалбар, жилет, балалар киімдерінде жасау.

41. Білуге тиіс:

киімге қойылатын заманауи тұтынушылық талаптары, киімдегі "стиль" ұғымы;  
бұйымдарды түйіндер бойынша технологиялық өңдеу тәсілдері;  
киімді құрастыру әдістері мен жүйелері, костюм тарихы.

### **Параграф 20. Костюм жөніндегі суретші, 5-разряд**

42. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі мақсаттағы жеңіл және сыртқы ассортимент киімдерінің эскиздерін шығармашылық өңдеу және оларды: көйлек, куртка, жакет, плащ, пальто, қысқа пальто, фрак, әртүрлі матадан жасалған пиджактарды жасау.

43. Білуге тиіс:

костюм тарихы, киімді көркем құрастыру және модельдеу, киімді декоративті дайындау;

киім бұйымдарын технологиялық өңдеудің барлық түрлері.

## **Параграф 21. Костюм жөніндегі суретші, 6-разряд**

44. Жұмыс сипаттамасы:

эскиздерді шығармашылық дайындау;

үлгілерді жобалау;

ұлттық дәстүрді ескере отырып, аксессуарлар мен көркем суреттелген маталарды пайдалана отырып, әртүрлі мақсаттағы киім-кешек жинақтары мен ансамбльдерін жасау.

45. Білуге тиіс:

текстиль бұйымдарын рәсімдеудің заманауи бағыттары;

костюм мен оюды дамытудағы ұлттық ерекшеліктері.

## **Параграф 22. Костюм жөніндегі суретші, 7-разряд**

46. Жұмыс сипаттамасы:

экслюзивті үлгілер топтамасын шығармашылық дайындау;

перспективті үлгілер топтамасын құрастыру және оларды жасау.

47. Білуге тиіс:

әртүрлі кезеңдердегі қалып үлгілерінің дамуын зерттеу және талдау негізінде костюм қалыптарын жобалау принциптері;

экслюзивті топтама жасаудың заңдылықтары.

## **Параграф 23. Көшірме жасаушы, 2-разряд**

48. Жұмыс сипаттамасы:

сурет жиегін трафарет бойынша әртүрлі материалдарда парафин, жаққыш немесе тампонның көмегімен көшірме жасау.

49. Білуге тиіс:

суреттің көшірмесін трафарет бойынша жасаудың әдістері мен амалдары;

парафиннің қасиеттері.

## **Параграф 24. Көшірме жасаушы, 3-разряд**

50. Жұмыс сипаттамасы:

лекало жаймасын кішірейтілген көлемде машинада немесе қолмен көшіру.

51. Білуге тиіс:

лекало жаймасын машинада немесе қолмен көшірудің әдістері мен амалдары;

қызмет көрсететін машиналардың құрылысы.

## **Параграф 25. Лекало жасаушы, 3-разряд**

52. Жұмыс сипаттамасы:

бүкпе, бүрме, соңғы кертпені белгілеу үшін лекалоға тілік жасау, жіптің үлестік бағыты және үлестік бағыттан шекті ауытқулар, минималды және максималды көлем бойынша шекті жалғау арқылы, деректемелерін көрсете отырып, таңбалап, жиектеп, байлауға арналған саңылау тесе отырып, дайын лекало бойынша киімнің барлық бұйымдарына арналған әртүрлі материалдардан жасалған жұмыс және қосалқы лекало жасау;

киім бұйымдарының бауларына сызбаларға сәйкес қарапайым және күрделілігі орташа лекало жасау;

барлық өлшемді киімдер бұйымдарының лекалоларын көбейту;

жұмыс және қосалқы лекалоларды эталон мен шаблон бойынша жасау;

лекалоның паспорттық деректерін толтыру (парашют өндірісінде).

53. Білуге тиіс:

әртүрлі материалдардан жасалған жұмыс және қосалқы лекалоларды кесу, жиектеу және таңбалаудың әдістері мен амалдары;

қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;

материалдарды пішуге қойылатын техникалық талаптары;

лекало жасау кезінде қисық сызықтарды салу үшін есептеу тәсілдері;

киім бұйымдарының сызбаларын оқу қағидалары;

лекалоларды жасауға қойылатын техникалық шарттары;

қолданылатын бақылау-өлшеу құралдарын пайдалану қағидалары.

## **Параграф 26. Лекало жасаушы, 4-разряд**

54. Жұмыс сипаттамасы:

бүкпе, бүрме, соңғы кертпені белгілеу үшін лекалоны тіле отырып, тіліктің көмегімен көшіру және кейіннен кесу арқылы жасау, жіптің үлестік бағыты және үлестік бағыттан шекті ауытқулар, минималды және максималды көлем бойынша шекті жалғау арқылы, деректемелерін көрсете отырып, таңбалап, жиектеп, байлауға арналған саңылау тесе отырып, дайын лекало бойынша киімнің барлық бұйымдарына арналған әртүрлі материалдардан жасалған барлық өлшемді соңғы жұмыс және қосалқы лекало жасау;

сызбаларға сәйкес парашюттің күмбезіне, ранеціне, камерасына, тысына лекало жасау;

парашюттердің сынақ партиясына және парашют жүйелеріне (парашют өндірісінде) лекало жасау.

55. Білуге тиіс:

лекалоны көшірудің әдістері мен амалдары;  
киім бұйымдарының ассортименті және олардың бөлшектерінің атаулары;  
киім бұйымындағы бөлшектердің саны;  
киім бұйымдарының күрделі бауларын пішу технологиясының ерекшеліктері;  
есептерді орындау және лекало жасау әдістері;  
лекало жасаудың техникалық шарттары және оларды келтіру тәсілдері;  
бақылау-өлшеу құралдарының құрылысы, жасалатын лекалоларды таңбалау кезінде оны пайдалану қағидалары.

## **Параграф 27. Лекало жасаушы, 5-разряд**

56. Жұмыс сипаттамасы:

бүкпе, бүрме, соңғы кертпені белгілеу үшін лекалоны тіле отырып, электронды жабдықта көшіру және кейіннен лазерлік машинада кесу арқылы жасау, жіптің үлестік бағыты және үлестік бағыттан шекті ауытқулар, минималды және максималды көлем бойынша шекті жалғау арқылы, деректемелерін көрсете отырып, таңбалап, жиектеп, байлауға арналған саңылау тесе отырып, дайын лекало бойынша киімнің барлық бұйымдарына арналған әртүрлі материалдардан жасалған барлық өлшемді соңғы жұмыс және қосалқы лекало жасау;

лекалоны графикалық экранда суретін салмай-ақ белгіленген техникалық шарттарға , шектеулер мен материалды жұмсау нормасына сәйкес орнату;

лекалоның көлемін өлшеу және өлшем деректерін электронды жабдықтың жады блогында сақтау.

57. Білуге тиіс:

лекало жасау кезінде қолданылатын электронды жабдықтың құрылысы мен техникалық-пайдаланушылық сипаттамасы;

лекало жасаудың технологиялық жүйелілігі;

лекало көшірудің әдістері мен амалдары;

лекалоны тиімді орналастыру қағидалары;

киім бұйымдарының ассортименті және олардың бөлшектерінің атаулары;

киім бұйымдарындағы бөлшектердің саны;

лекалоны жасаудың техникалық шарттары және материалдарды жұмсау нормалары.

## **Параграф 28. Лекало жаюшы, 3-разряд**

58. Жұмыс сипаттамасы:

жайманы суреттеме бойынша немесе суреттемесіз әртүрлі материалдарға жаю және өңдеу, жамау, төсек-орын және ас үй жаймасы, кашне, шарф, орамал, әртүрлі

тыстардың, өндірістегі әртүрлі бөлшектер, басқа да бұйымдар мен ойыншықтар бөлшектері лекалосының жиектерін белгіленген техникалық шарттарға, шектеулер мен материалдарды жұмсау нормаларына сәйкес айналдыра орау;

жайманың суреттемесінің бөлшектеріне деректемелерді енгізу;

бұйымның жекелеген бөлшектерінің өңделетін жерлерін белгілеу;

жайманың трафарет бойынша алынған дайын суреттемесінің анық емес сызықтарын бормен белгілеу;

бұйымдардың бөлшектері лекалосының аумағын машинамен өлшеу;

лекало аумағын айқындаудың нәтижесін жазу.

59. Білуге тиіс:

бұйымдардың бөлшектері лекалосын тиімді жаю және жиектеу қағидалары;

материалдардың түрлері мен қасиеттері;

жаю тәсілдері;

нормативтік техникалық құжаттамасы;

лекалосының аумағын өлшеудің әдістері мен амалдары;

бұйымдағы бөлшектердің саны;

материалдарды жұмсау нормалары;

қызмет көрсететін машиналардың жұмыс принципі.

## **Параграф 29. Лекало жаюшы, 4-разряд**

60. Жұмыс сипаттамасы:

жайманы суреттеме бойынша әртүрлі материалдарға жаю және астар, сыртқы жейде, іш киім, корсет бұйымдары, баскиім, өндірістік киім бұйымдары мен басқа да бұйымдар бөлшектері лекалосының жиектерін айналдыра орау.

61. Білуге тиіс:

бұйымдардың бөлшектері лекалосын тиімді жаю және жиектеу қағидалары;

жаюдың техникалық шарттары;

текстильдік кінәраттарға жол берілетін орындар;

бұйымдардың құрылымы;

бұйымдардағы бөлшектердің саны;

бұйымның ассортименті.

## **Параграф 30. Лекало жаюшы, 5-разряд**

62. Жұмыс сипаттамасы:

жайманы суреттеме бойынша әртүрлі материалдарға жаю және пальто – костюм және көйлек (сыртқы жейдеден басқа) ассортименті киімдерінің сыртқы бұйымдарының бөлшектері лекалосының жиектерін айналдыра орау;

жайманы суреттеме бойынша әртүрлі материалдарға жаю және астар, сыртқы жейде , іш киім, корсет бұйымдары, баскиім, өндірістік киім бұйымдары мен басқа да бұйымдар бөлшектері лекалосының жиектерін белгіленген техникалық шарттарға, шектеулер мен материалдарды жұмсау нормаларына сәйкес айналдыра орау.

63. Білуге тиіс:

бұйымдардың бөлшектері лекалосын тиімді жаю және жиектеу қағидалары;

материалдарды жұмсау нормалары;

түктің, суреттің бағытын анықтау қағидалары;

материалдың беті мен суретінің түрін ескере отырып, лекалоны жаю ерекшеліктері.

### **Параграф 31. Лекало жаюшы, 6-разряд**

64. Жұмыс сипаттамасы:

жайманы суреттеме бойынша әртүрлі материалдарға жаю және пальто-костюм және көйлек (сыртқы жейдеден басқа) ассортименті киімдерінің сыртқы бұйымдарының бөлшектері лекалосының жиектерін белгіленген техникалық шарттарға, шектеулер мен материалдарды жұмсау нормаларына сәйкес айналдыра орау.

65. Білуге тиіс:

барлық бұйымдардың бөлшектері лекалосын тиімді жаю және жиектеу қағидалары;

лекалоны дұрыс жаймау және жиектерін дұрыс жиектемеуге байланысты туындайтын бұйым ақаулықтарының түрлері, оларды жою және алдын алу тәсілдері.

### **Параграф 32. Лекалоның орналасуын жобалаушы оператор, 7-разряд**

66. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі материалдардан жасалған пальто-костюм және көйлек ассортименті бұйымдарына лекало дайындаған және салған кезде үлгілерді математикалық өңдеу; лекалоны салу шарттары туралы ақпаратты электронды есептеу машинасына енгізу; жұмыс жаймасын өңдеу және оның ең тиімді нұсқасын жасау; лекалоның дайын жаймасын электронды есептеу машинасының дерекқорына енгізу

67. Білуге тиіс:

лекало дайындаған және салған кезде үлгілерді математикалық өңдеудің әдістері мен техникасы;

ақпаратты электронды есептеу машинасына енгізудің амалдары мен техникасы;

жұмыс жаймасын өңдеу және оның ең тиімді нұсқасын жасау әдістері;

лекалоны дұрыс жаймаудың алдын алу және жою тәсілдері.

68. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

### **Параграф 33. Материалдар мен дайын бұйымдарды өңдеуші, 2-разряд**

69. Жұмыс сипаттамасы:

дайын өнімдерді, бөлшектерді, әртүрлі материалдарды, олардың қасиеттеріне қарай крахмалдау режимін айқындай отырып, қолмен крахмалдау;  
крахмалданған бұйымдарды, бөлшектерді, әртүрлі материалдарды кептіру;  
крахмал ерітіндісін дайындау;  
кұрақтарды бояу;  
кұрақ бөліктерін тігін машинасында қайып тігу.

70. Білуге тиіс:

крахмалдау, кептіру және қайып тігудің әдістері мен амалдары;  
крахмалдау режимдері;  
қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;  
материалдардың жекелеген түрлеріне крахмалдау процесінің тигізетін әсері;  
крахмал ерітіндісін дайындау технологиясы;  
крахмалдың түрі мен сорттары, олардың сапасына қойылатын талаптар;  
тігін машинасының жұмыс істеу принципі.

### **Параграф 34. Материалдар мен дайын бұйымдарды өңдеуші, 3-разряд**

71. Жұмыс сипаттамасы:

матаның бетіне аппреттеуіш ерітіндіні бүріккішпен бүрке отырып, тегістеп жағу;  
матаның жиектерін түзету;  
матаны белгілі бір мөлшерде керу;  
кептіру камерасының қыздыру температурасын норма шегінде сақтау;  
аппреттеуіш ерітіндіні дайындау.

72. Білуге тиіс:

аппреттеудің, өңдеу түстерін жасаудың әдістері мен амалдары;  
аппреттеуіш ерітіндіні дайындауға қойылатын техникалық талаптар;  
бөшкеге дайын ерітіндіні құю техникасы;  
материалдардың құрылысы мен мақсаты;  
кептіру камерасының, қолданылатын құралдар мен өлшеу аспаптарының құрылысы

### **Параграф 35. Материалдарды, жартылай дайын бұйымдар мен дайын бұйымдарды қабылдаушы, 2-разряд**

73. Жұмыс сипаттамасы:

табиғи үлбір материалдар, жартылай дайын бұйымдар, пішім, фурнитурадан басқа, әртүрлі материалдардың ассортименті, саны, салмағы, сорты бойынша ілеспе құжатта

көрсетілген деректерге сәйкес қабылдау және тапсыру, оларды жұмыс орнына және сақтайтын жерлерге тасымалдау;

орамасы мен таңбалануын тексеру;

түскен және жөнелтілетін материалдардың құжаттарын рәсімдеу.

74. Білуге тиіс:

қабылдау және тапсыру қағидалары, қабылданатын және тапсырылатын материалдардың түрлері;

материалдарды, жартылай дайын бұйымдарды, пішімдерді, фурнитураны таңбалаудың, орау мен сақтаудың белгіленген тәртібі, оларды есепке алу қағидалары; есептілік жүргізу.

### **Параграф 36. Материалдарды, жартылай дайын бұйымдар мен дайын бұйымдарды қабылдаушы, 3-разряд**

75. Жұмыс сипаттамасы:

табиғи үлбір материалдар және әртүрлі материалдардан жасалған дайын бұйымдарды ассортименті, саны, сорты бойынша ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкес қабылдау және тапсыру;

дайын өнім көлемінің жедел есебін жүргізу.

76. Білуге тиіс:

қабылдау және тапсыру қағидалары;

қабылданатын және тапсырылатын табиғи үлбір түрлері;

бұйымдардың ассортименті;

табиғи үлбір материалдары мен дайын бұйымдарды таңбалау, орау және сақтаудың белгіленген тәртібі, оларды есепке алу қағидалары.

### **Параграф 37. Материалдарды, жартылай дайын бұйымдар мен дайын бұйымдарды қабылдаушы, 4-разряд**

77. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі материалдарды, жартылай дайын бұйымдарды ассортименті, саны, салмағы, сорты бойынша пішім картасына сәйкес қабылдау және тапсыру;

пішімді, қалдықтарды шикізат түріне, үлгісіне қарай дербес электрондық есептеуіш машиналарын қолдана отырып, есепке алу;

негізгі және қосымша материалдардың қолданылуын пішім картасына сәйкес талдау;

қалдықтарды уақтылы орау және қоймаға тапсыруды бақылау;

шикізатты қабылдау бойынша өнім берушіге жасалған шағымдардың актісін жасау және рәсімдеу.

78. Білуге тиіс:



материалдарды, жартылай дайын бұйымдарды және дайын бұйымдарды қабылдау және тапсыру қағидалары;

қабылданатын және тапсырылатын материалдардың түрлері, бұйымдардың ассортименті;

пішімді, қалдықтарды, қосымша материалдарды есепке алу тәртібі;

пішім картасын рәсімдеу қағидалары;

дербес электронды-есептеуіш машиналарын қолдана отырып, есебін жүргізуі.

### **Параграф 38. Материалдарды, лекалалар мен бұйымдарды бақылаушы, 1-разряд**

79. Жұмыс сипаттамасы:

лента, шілтер, таспа, сутаж және басқа да өңдеу материалдарының ұзындығын бақылау;

материалдардың ұштық қалдықтарын өлшеу;

материалдарды өлшеу қорытындысын ведомоске жазу.

80. Білуге тиіс:

материалдар ұзындығын бақылаудың әдістері мен амалдары;

материалдарды өлшеу ведомостерін толтыру қағидалары.

### **Параграф 39. Материалдарды, лекалалар мен бұйымдарды бақылаушы, 2-разряд**

81. Жұмыс сипаттамасы:

өлшеу машиналарында немесе үстелде әртүрлі материалдардың ұзындығы мен енін бақылау.

82. Білуге тиіс:

материалдардың ұзындығы мен енін бақылаудың әдістері мен амалдары;

бақыланатын материалдардың мемлекеттік стандарттары мен техникалық құжаттамасы;

өлшеу машиналарының жұмыс істеу принципі.

### **Параграф 40. Материалдарды, лекалалар мен бұйымдарды бақылаушы, 3-разряд**

83. Жұмыс сипаттамасы:

барлық түрлі ас үй, төсек-орын жабдықтарын, үшкіл орамал, орамал, шарф, лекалолардың, жаймалардың, жаймалардың суреттерінің, трафареттер мен пішімдердің және сол бұйымдарға жасалған пішімнің сапасының эталон үлгілерге сәйкестілігін бақылау және сұрыптылығын анықтау;

бақыланатын материалдар мен бұйымдардың ақаулықтарын анықтаудың есебін жүргізу;

тауарлық белгілерді толтырудың дәлдігі мен дұрыстығын материалдар мен бұйымдардың өңделуі мен сұрыптылығына үстемеақылар мен жеңілдіктерді ескере отырып, тауарлық белгілер деректемелерінің соңғысына сәйкестігін тексеру.

84. Білуге тиіс:

бақыланатын бұйымдардың, лекалолардың, жаймалардың, жаймалардың суреттерінің, трафареттер мен пішімдердің сапасын анықтаудың әдістері мен амалдары ;

материалдар мен бұйымдардың сұрыптылығын айқындау қағидалары;

бақыланатын материалдар мен бұйымдардың мемлекеттік стандарттары мен нормативтік техникалық құжаттамасы;

бақыланатын бұйымдардың жасау технологиясы;

анықталған ақаулықтарын есепке алу тәртібі.

#### **Параграф 41. Материалдарды, лекалалар мен бұйымдарды бақылаушы, 4-разряд**

85. Жұмыс сипаттамасы:

іш киімнің, сырма көрпе, галстук, әртүрлі ойыншықтардың, қолғап, нәски-шұлық, галантереялық және басқа да бұйымдардың сапасын бақылау және сұрыптылығын анықтау;

осы бұйымдарға арналған лекалолардың, жаймалардың, жаймалардың суреттерінің, трафареттер мен пішімдердің сапасын эталон үлгілерге сәйкестігін бақылау;

фурнитура мен өңдеу материалдарының сапасын бақылау;

пішім картасын рәсімдей отырып, материал төсемесін бақылау;

бұйымдардың өлшеу деректеріне сәйкестігін тексеру.

86. Білуге тиіс:

бақыланатын бұйымдардың, фурнитура мен өңдеу материалдарының сапасын тексерудің әдістері мен амалдары;

материалдар мен бұйымдардың сұрыптылығын айқындау қағидалары;

бақыланатын материалдар мен бұйымдардың мемлекеттік стандарттары мен нормативтік техникалық құжаттамасы;

бақыланатын бұйымдарды жасау технологиясы;

материал жаймасын бақылау және пішім картасын рәсімдеу қағидалары.

#### **Параграф 42. Материалдарды, лекалалар мен бұйымдарды бақылаушы, 5-разряд**

87. Жұмыс сипаттамасы:

көйлек ассортиментін, куртка, бушлат, көкірекше, шалбар, қысқа комбинезон, жейде-форма, корсет бұйымдарын, өндірістік киім бұйымдарын, баскиім, такелаждық бұйымдардың және жартылай дайын өнімдердің сапасын бақылау;

осы бұйымдарға арналған лекалолардың, жаймалардың, жаймалардың суреттерінің, трафареттер мен пішімдердің сапасын эталон үлгілерге сәйкестігін бақылау;

әртүрлі материалдардың сапасын электрондық есептеуіш машиналарын пайдалана отырып, бақылау;

жаппай өндіріс бұйымдарының сұрыптылығын және олардың мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттарына сәйкес жеке тапсырыстар бойынша жөнделген және жасалған бұйымдарды айқындау;

сапасыз өнімге акт жасауға, рәсімдеуге және өнім жеткізушілерге шағым білдіруге қатысу;

тапсырыс берушілердің жеке тапсырыс бойынша жасалған бұйымның сапасына жасаған шағымдарын қарауға қатысу.

88. Білуге тиіс:

бақыланатын бұйымдар мен материалдардың сапасын тексерудің әдістері мен амалдары;

жаппай өндіріс бұйымдары мен материалдарының сұрыптылығын айқындау қағидалары;

бақыланатын бұйымдар мен материалдардың сапасына қойылатын мемлекеттік стандарттардың талаптары;

бақыланатын бұйымдарды жасау және жөндеу технологиясы;

ақаулығын анықтау-өлшеу жабдықтың құрылысы;

электрондық есептеуіш машиналарының құрылысы мен техникалық-пайдаланушылық сипаттамасы.

89. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## **Параграф 43. Материалдарды, лекалалар мен бұйымдарды бақылаушы, 6-разряд**

90. Жұмыс сипаттамасы:

жартылай дайын өнімдер мен пальто-костюм бұйымдарын: пальто ассортименті, жоғары үлбір бұйымдарының, астарлы және жиекті салымды курткалар, шинель, пиджак, фрак, визитка, мундир, китель, жалбағай, жакет, комбинезонның сапасын бақылау;

осы бұйымдарға арналған лекалолардың, жаймалардың, жаймалардың суреттерінің, трафареттер мен пішімдердің сапасын эталон үлгілерге сәйкестігін бақылау;

жаппай өндіріс бұйымдарының сұрыптылығын және мемлекеттік стандарттарға сәйкес жеке тапсырыс бойынша жөнделген және жасалған бұйымдарды тапсырыс берушіге дайын екенін анықтау.

91. Білуге тиіс:

бақыланатын бұйымдардың сапасын тексерудің әдістері мен амалдары;  
көрсетілген жаппай өндіру өндірісінің ассортименті бұйымдардың сұрыптылығын анықтау қағидалары;

мемлекеттік стандарттың бақыланатын бұйымдар мен материалдардың сапасына қойылатын талаптар;

бақыланатын бұйымдарды жасау және жөндеу технологиясын.

92. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

#### **Параграф 44. Материалдарды, пішім мен бұйымдарды жинақтаушы, 1-разряд**

93. Жұмыс сипаттамасы:

тігін өндірісінің қалдықтарын материал түрі мен талшық құрамына қарай жинақтау.

94. Білуге тиіс:

тігін өндірісі қалдықтарын жинақтауға қойылатын талаптар.

#### **Параграф 45. Материалдарды, пішім мен бұйымдарды жинақтаушы, 2-разряд**

95. Жұмыс сипаттамасы:

тігін бұйымдарының, пішімнің жартылай дайын өнімдерін, әртүрлі материалдардың қалдықтарын, фурнитураларды артикулы, сорты, түсі, ені мен түрі бойынша буда, жиынтық, партияларға жинақтау;

ілеспе құжаттар бойынша киім бұйымдарының, тігін бұйымдарының жартылай дайын өнімдерінің үстінің, астарлы мен қосымшаларының мақсатына сәйкестігін тексеру;

дара бөлшектерді жаю және сурет түрінде бағытталған түгі бар бөлшектерді қайта жаю;

тігін бұйымдарының жекелеген өңделген бауларын дайын өнімдерді жасаудың технологиялық жүйелілігіне сәйкес жинақтау;

баулар мен таспаны артикулы мен түсі бойынша олардың қолданылуын алдын ала есептеусіз жинақтау;

парашют өндірісіндегі пішім картасын толтыру;

шұлықтарды түсі, сапасы, өкшесінің биіктігі, қонышының ұзындығы бойынша жұптау;

жарғақ таңдау және кесу;

ізі бар рейтуздың жекелеген бөлшектерін өңдейтін жерлерін белгілеу;

пішім картасының деректеріне сәйкес бағдар парақтарын дайын тігін бұйымының бағасын анықтамай толтыру.

96. Білуге тиіс:

тігін бұйымдарының, пішімнің жартылай дайын өнімдері, әртүрлі материалдардың қалдықтары, фурнитуралары мен бауларын буданың, партияның, жинақтарды артикулы, сорты, түсі, ені мен түрі бойынша жинақтау қағидалары;

тігін бұйымдарының жартылай дайын өнімдерінің, материалдардың, фурнитураның, баулардың, таспаның ассортименті және олардың мақсаты;

жинақталатын бұйымдағы бөлшектердің саны;

бағдар парақтарын толтыру қағидалары.

### **Параграф 46. Материалдарды, пішім мен бұйымдарды жинақтаушы, 3-разряд**

97. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі материалдардан жасалған дайын өнімдерді бағдар парағы мен нарядқа сәйкес түрі, фасоны, өлшемі, ұзындығы, түсі және преysкуранты бойынша жинақтау;

ілеспе құжаттар бойынша тігін бұйымдарының, терінің өз мақсатына сәйкес келуін тексеру;

үлбірмен өңделген жаға, манжет және басқа да бөлшектерді, табиғи үлбірден жасалған астарды түрі, сорты және өлшемі бойынша жинақтау;

пішімді дәлсіздіктерді кесу және жекелеген бөлшектерін ауыстыра отырып, буда, жинақ етіп жинақтау;

пішімге арналған материалдың бөлшектері мен қалдықтарын артикулы, түсі, өлшемі бойынша олардың қолданылуын алдын ала есептемей жинақтау;

пішімге арналған бау мен таспаны олардың (парашют өндірісінде) қолданылуын алдын ала есептеп, жинақтау;

материалдар мен құрақтардың әртүрлі топтарын ескере отырып, дайын тігін бұйымының бағасын дайын бұйымдардың бағалар преysкуранты бойынша айқындай отырып, пішім картасының деректеріне сәйкес бағдар парақтарын толтыру.

98. Білуге тиіс:

әртүрлі материалдардан жасалған дайын өнімдерді бағдар парағы мен нарядқа сәйкес түрі, фасоны, өлшемі, ұзындығы, түсі, преysкуранты бойынша жинақтау қағидалары;

пішімге арналған материал бөлшектері, баулар мен таспаларды жинақтау;

тігін бұйымдарының ассортименті мен өлшемдері;

тілу амалдары және пішім бөлшектерін ауыстыру қағидалары;

жинақталатын бұйымды жасауға арналған материалдардың жұмсау нормалары, орналастыру схемасы;

дайын тігін бұйымының бағасын айқындай отырып, бағдар парақтарын толтыру қағидалары;

дайын тігін бұйым бағаларының прейскуранты.

#### **Параграф 47. Материалдарды, пішім мен бұйымдарды жинақтаушы, 4-разряд**

99. Жұмыс сипаттамасы:

материалдардың бөлшектері мен қалдықтарын төседемеде қалдықсыз немесе барынша аз қалдықпен пайдалану үшін әртүрлі тәсілдермен есептеу;

есептеу және пішу картасын толтыру;

материалдардың бөлшектері мен қалдықтарын есептеу және оларды артикулы, түсі мен өлшемі бойынша жинақтау;

төсеушімен бірлесе отырып, пішімнің қалдықтарын сұрыптап, оларды қоймаға тапсыру;

парашют өндірісінде жоспарлау карталарын жасау;

материалдардың бөлшектері мен қалдықтарын есептеу үшін ақпаратты дайындау және дербес электрондық есептеуіш машиналарына енгізу, толтырылған карталарды басып шығару.

100. Білуге тиіс:

қолданылатын жабдықтың құрылысы мен техникалық-пайдаланушылық сипаттамасы;

материалдардың қалдықтарын әртүрлі тәсілдермен есептеу қағидалары;

пішім кестелері, жинақталатын бұйымдарға материалдарды жұмсау нормалары;

есептеу және пішу картасын толтыру қағидалары;

материалдардың артикулдары;

жинақталатын материалдарға, пішім мен бұйымдарға арналған паспорттарды, жоспарлау карталарын, өлшеу ведомостерін толтыру тәртібі.

#### **Параграф 48. Материалдарды, пішім мен бұйымдарды жинақтаушы, 5-разряд**

101. Жұмыс сипаттамасы:

пішім кестесіне сәйкес тігін бұйымдарының барлық модельдері және материалдардың түрлері бойынша матаның паспортын таңдай отырып, наряд-тапсырмаларды рәсімдеу;

материалдарды тиімді пайдалану есебін орындау;

дербес электрондық есептеуіш машиналарда жұмсалатын фурнитураны есептеу;

материалдар мен жапсырмалардың барлық түрлері бойынша пішім картасын рәсімдеу.

102. Білуге тиіс:

қолданылатын жабдықтың құрылысы мен техникалық-пайдаланушылық сипаттамасы;

наряд-тапсырма жазу және пішім картасын рәсімдеу тәртібі;

дербес электрондық есептеуіш машиналарда жұмсалатын фурнитураны есептеуі;

материалдарды тиімді пайдалануды есептеудің әдістері мен тәсілдері, және пішу кестелері;

тігін бұйымдарының ассортименті мен өлшемдері;

жинақталатын тігін бұйымдарына арналған материалдарды жұмсау нормалары.

## **Параграф 49. Пішүші, 2-разряд**

103. Жұмыс сипаттамасы:

таспалар, жиектер, ленталар, шілтерлер, резеңкелер, шашақтар, жиектер, ораулар, жолақтарға жиекті немесе үлдірлі маталар, ту, жалаулар, тік жапқыштар мен перделер, асхана және төсек әбзелдері, жолдар, орамалдар, шарфтар, кашне, шлем астарлары, қаптарға арналған маталар, қаптан дайындалған алғашқы жазылған дайындамалар, миткаль, бөздер, жиһаздың барлық түрлеріне арналған желкеншелер, купондарға арналған матаның барлық түрлері, тоқыма-галантерея өндірісінде көркем сурет салуға арналған маталар, перде, тоқылған, тюль және кестеленген маталар, қиғаштар мен түптерге арналған төсемдер, маңдайларға арналған бөлшектер, картон бұйымдары, қаңқаға арналған болатты машиналарда немесе қолмен бөлшектерге пішу;

дөңгелек трикотаж жайманы бөлік бойына кесу;

әртүрлі сөмке, қап, ілмек, бауларға арналған таспаны белгілеу немесе шаблон бойынша кесу;

әртүрлі бауларға, жіптерге, таспаның, ленталардың ұштарына балқытылған балауыз жағу;

термокескіштерде таспалардың, баулардың, ленталардың ұштарын пішуден кейін балқыту;

парашют өндірісінде паспорт пен бағдарлық парақты қоса отырып, баулар мен таспаны жинақтау.

104. Білуге тиіс:

пішу, балқыту, балауыз жағудың әдістері мен амалдары;

материалдардың түрлері мен қасиеттері;

партиядағы бөлшектердің саны, шектеулер мен сызбаларды оқудың қағидалары;

әртүрлі материалдарды пішуге арналған машиналарды, өлшеу құралдары мен құрылғыларды пайдалану қағидалары.

## **Параграф 50. Пішүші, 3-разряд**

105. Жұмыс сипаттамасы:

фигуралық жапқыштар мен перделерге, ойыншықтар өндірісіндегі бұйымдардың барлық түрлеріне арналған материалдарды: мақта, мақта, дәке, жиһаздың барлық түрлеріне арналған бөлшектердің дайындамаларына қаптау материалдарын, құрақтан, погоннан, жұлдызшалардан, ілмектерден, түймелерден, скрептерден және басқа да ұсақ бөлшектерден жасалған трикотаж бұйымдарын машиналарда немесе қолмен пішу;

жиһаздың барлық түрлеріне арналған бөлшектерді дайындау үшін галстуктарға, колготкаларға, қаптарға, миткальға, бөзге, желкенге материалдарды кешенді пішу;

парашют өндірісіндегі ленталы күмбездерге, күмбез арқандарына, жармалар мен тесіктері бар камералардың таспаларына, қосқыш буындарына, күшейткіш белдеулерге, стренгтерге, монтаждау бауларына арналған таспаларды белгілеумен пішу, таңбалау және партияда жинақтау.

106. Білуге тиіс:

пішудің әдістері мен амалдары;

бұйымдағы бөлшектердің саны;

бөлшектердің мақсатын және олардың пішіні;

әртүрлі материалдарды пішуге арналған машиналардың жұмыс істеу принципі.

## **Параграф 51. Пішүші, 4-разряд**

107. Жұмыс сипаттамасы:

мақта - мата және зығыр маталарын, жартылай жүннен жасалған трикотаж жаймасының кесіндісін және "ПАН" - корсет бұйымдарының іш киімінің бөлшектеріне иірімжіпті, астарды, аралық қабатты, қолғап бұйымдарын, баскиімдерді, балаларға арналған трикотаж бұйымдарының бөлшектерін машиналарда немесе қолмен пішу;

көрсетілген ассортименттегі бұйымдардың бөлшектеріне тоқыма ақаулары бар жайманы пішу (төсеу, лекалоны жаю, лекалоның жиегін жиектеу, пішу және жинақтау);

мақта-мата трикотаж жаймадан жасалған жартылай тұрақты және купондық бұйымдарды пішу;

жиһаздың барлық түрлеріне арналған материалдарды кешенді пішу;

парашюттарды, тартпалы шаршы қалыпты клапандарды, ауыспалы сөмкелерді, жұмсақ қаптарды, коуш тыстарын, жалғастырушы буындарды, лекало жиектері немесе лекалолар бойынша жиектеудің фигуралы сызықтары бойынша стренгілерді пішу;

лекалоны жайманың жоғарғы қабатына жаю;

тік сызықты жіп бойында орналасқан мақта-мата және жібек матадан жасалған бөлшектер лекалосының жиегін жиектеу;

парашют өндірісінде жаймаға белгі салу;

лекало бойынша тексеру және бұйым бөлшектерінің жиегіндегі дәлсіздіктерді кесу; бөлшектерді суретке сәйкес қиыстырып келтіру және кесу;



оң беті мен астардың бөлшектерін пішу;

жинақтылығын тексеру.

108. Білуге тиіс:

бөлшектерді лекало бойынша пішудің, тексерудің және кемшіліктерді кесу әдістері мен амалдары;

матаның оң бетін, сурет, шаш, түктің бағыттарын айқындау қағидалары, бақылау нүктелерін салу тәртібі;

ақаулықтар мен кінәраттардың себептерін жіктеу, бұйымның конструкциясы, жайманы жаю схемасы;

маталардың ерекшеліктері мен қасиеттері;

қолданылатын лекало мен трафареттердің, маталардың артикулары мен өлшемдері;

материалдарды жұмсау нормалары және оларды тиімді пайдалану;

материалдардың тоқыма кінәраттарының түрлері;

қызмет көрсететін машиналардың құрылысы;

қолданылатын бақылау-өлшеу құралдары мен құрылғыларын пайдалану қағидалары мен құрылысы.

## **Параграф 52. Пішүші, 5-разряд**

109. Жұмыс сипаттамасы:

мақта-мата және зығыр маталарын, мақта-мата және жүн трикотаж маталарын пальто-костюм киімдерінің және жүн, жібек маталарынан, жүн, жібек тоқыма маталарынан көйлектік ассортиментінің жоғарғы бұйымдары бөлшектерін, химиялық талшықтар қоспасы бар маталарды, резеңкеленген маталарды, үлбірді, үлбір бұйымдарына арналған өңдеу бөлшектеріне былғарыны, корсет бұйымдарын, астарларды, қолғап бұйымдарын, баскиімдерді, өндірістік киім және такелаж өндірісі бұйымдарының бөлшектеріне материалдарды машиналарда немесе қолмен пішу;

көрсетілген ассортименттегі бұйымдардың бөлшектеріне тоқыма ақаулары бар жайманы пішу (төсеу, лекалоны жаю, лекалоның жиегін жиектеу, пішу және жинақтау);

жүн, жібек, мақта-мата, трикотаж жаймаларды эксперименталдық, тәжірибелік және авторлық киім және киім-кешек ассортименті бұйымдарының бөлшектеріне пішу;

жібек және жүн жаймадан жасалған жартылай тұрақты және купондық бұйымдарды пішу;

парашют күмбездерді, күмбез, камера тыстарын, жұмсақ сүзгілерді, қаптарды, портледтерді, лекало жиектерін жиектеу фигуралық сызықтары немесе талшықтардың орналасуына байланыссыз лекалолар бойынша әртүрлі материалдардан жасалған аспалы сөмкелерді пішу;

орналастыру схемасын таңдау;

парашют өндірісінде лекалоларды іріктеу, жаю және лекалолардың жиектерін айналдыра сызу.

110. Білуге тиіс:

тиімді пішудің әдістері мен амалдары;

лекало орналастыру схемалары;

лекалолардың жиектерін айналдыра сызу, жаю схемаларын таңдау амалдары;

қолданылатын машиналардың құрылымдық ерекшеліктері.

### **Параграф 53. Пішүші, 6-разряд**

111. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі материалдарды пальто-костюм ассортиментінің жоғарғы бұйымдары бөлшектеріне (мақта-мата мен зығыр маталарынан басқа) пішу машиналарында немесе қолмен пішу;

көрсетілген ассортименттегі бұйымдардың бөлшектеріне тоқыма ақаулары бар жайманы пішу (төсеу, лекалоны жаю, лекалоның жиегін жиектеу, пішу және жинақтау);

әртүрлі материалдарды жоғары және көйлек ассортиментінің тәжірибелік және авторлық үлгілердің, үлгі-эталон бұйымдарының астарлары мен ұсақ-түйектерінің жоғарғы бұйымдарына пішу;

бұйымдарды қолданбалы материалдардан жинақтау;

парашют өндірісіндегі парашюттік керек-жарақтарының, стренгтердің және ерекше мақсаттағы бұйымдардың эксперименталдық және тәжірибелік үлгілерін пішу.

112. Білуге тиіс:

пішудің әдістері мен амалдары;

парашют жабдықтары мен ерекше мақсаттағы бөлшектер мен тораптар, сондай-ақ тәжірибелік және бірегей үлгілерін пішу технологиясының ерекшеліктері;

материалдарды пішу ерекшеліктері;

пішу машиналарын баптау және реттеу әдістері.

### **Параграф 54. Плиссирлеуші-бүрмелеуші, 3-разряд**

113. Жұмыс сипаттамасы:

машинада плиссирлеу және бүрмелеу;

материалды машинаға салу, плиссирлеу және бүрмелеу режимдерін орнату;

плиссирлеу мен бүрмені бекітуге арналған ерітінді дайындау және жағу.

114. Білуге тиіс:

машинада плиссирлеу және бүрмелеудің әдістері, амалдары мен режимдері;

плиссирлеу және бүрмелеу түрлері;

қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;

ерітіндіні дайындау рецептурасы мен технологиясы, оларды жағудың әдістері мен амалдары.

### **Параграф 55. Плиссирлеуші-бүрмелеуші, 4-разряд**

115. Жұмыс сипаттамасы:

дайын қалыптарды пайдалана отырып, қолмен плиссирлеу және бүрмелеу;  
материалды қалыптарға салу;  
қалыптарды буландыру және кептіру.

116. Білуге тиіс:

қолмен плиссирлеу және бүрмелеудің әдістері мен амалдары;  
әртүрлі материалдарға арналған қалыптарды буландыру және кептіру.

### **Параграф 56. Плиссирлеуші-бүрмелеуші, 5-разряд**

117. Жұмыс сипаттамасы:

тік бүрмелеп плиссирлеу және бүрмелеуге арналған қалыптарды пайдалана отырып,  
қолмен плиссирлеу мен бүрмелеу;

тік бүрмелеп плиссирлеу және бүрмелеуге арналған қалыптарды есептеу, белгілеу  
және жасау.

118. Білуге тиіс:

тік бүрмелеп плиссирлеу және бүрмелеуге арналған қалыптарды есептеу, белгілеу  
және жасау қағидалары;

қалыптарды жасауға қолданылатын қағаздың түрлері мен қасиеттері.

### **Параграф 57. Плиссирлеуші-бүрмелеуші, 6-разряд**

119. Жұмыс сипаттамасы:

фигуралық бүрмелеп плиссирлеу және бүрмелеуге арналған қалыптарды пайдалана  
отырып, қолмен плиссирлеу және бүрмелеу;

фигуралық бүрмелеп плиссирлеу және бүрмелеуге арналған қалыптарды есептеу,  
белгілеу және жасау;

плиссе мен бүрменің жаңа түрлерін жасау.

120. Білуге тиіс:

фигуралық бүрмелеп плиссирлеу және бүрмелеуге арналған қалыптарды есептеу,  
белгілеу және жасау қағидалары.

### **Параграф 58. Тігін бұйымдарын жоғары жиілікті токтар құрылғысында дәнекерлеу, 3-разряд**

121. Жұмыс сипаттамасы:

белгіленген технологиялық талаптарға сәйкес шаблон-электродтарды пайдалана отырып, жоғары жиілікті дәнекерлеу құрылғыларында термопластикалық материалдардан жасалған бұйымдардың бөлшектері мен тораптарын біріктіру бойынша операцияларды орындау;

дәнекерлеу режимдерін айқындау;

электродтарды орнату.

122. Білуге тиіс:

бөлшектер мен бұйымдарды біріктірудің әдістері мен амалдары;

дәнекерлеу режимдері;

шаблон-электродтардың формалары;

шаблон-электродтарды орнату қағидалары;

қолданылатын материалдардың қасиеттері;

қызмет көрсететін құрылғылардың жұмыс істеу принципі.

### **Параграф 59. Тігін бұйымдарын жоғары жиілікті токтар құрылғысында дәнекерлеу, 4-разряд**

123. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымдардың борттарын, жағаларын, ілмектерін өңдеу операцияларын орындау;

белгіленген технологиялық талаптарға сәйкес шаблон-электродтарды қолдана отырып, жеңдерді ашық жең ойындыларымен және жағаларды жоғары жиілікті дәнекерлеу қондырғыларында термопластикалық материалдардан жасалған бұйымдармен біріктіру.

124. Білуге тиіс:

көрсетілген операцияларды жоғары жиілікті токтар құрылғыларында орындаудың әдістері мен амалдары;

шығын қуатын реттеуін, дәнекерлеу уақыты мен жоғары жиілікті токтар құрылғысының басқа да параметрлері;

тігін бұйымдарын жасау технологиясы;

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылысы.

### **Параграф 60. Тігін бұйымдарын жоғары жиілікті токтар құрылғысында дәнекерлеу, 5-разряд**

125. Жұмыс сипаттамасы:

белгіленген технологиялық талаптарға сәйкес шаблон-электродтарды қолдана отырып, жеңдерді жабық жең ойындыларымен жоғары жиілікті дәнекерлеу қондырғыларында термопластикалық материалдардан жасалған бұйымдармен біріктіру операцияларын орындау.

126. Білуге тиіс:

көрсетілген операцияларды орындаудың әдістері мен амалдары;  
тігін бұйымдарының ассортименті;  
операцияларды орындаудың жүйелілігі;  
жоғары жиілікті токтар құрылғыларының құрылымдық ерекшеліктері.

## **Параграф 61. Тігін бұйымдарын термоөңдеуші, 1-разряд**

127. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі жабдықтарда ас үй және төсек-орын (жаймаларын), ойыншық өндірісіндегі жаймалардың барлық түрлерін, үшкіл орамалдарды, орамалдарды, басқа да ұқсас бұйымдарды ылғалды-жылумен өңдеу және бүгуді, сынуды, мыжылғанды, қыртыстарды жою үшін бөлшектерді пішу;

үтіктеу жабдығын қыздыру дәрежесін реттеу;  
материалдың қасиеттеріне байланысты ылғалдандыру.

128. Білуге тиіс:

көрсетілген ассортименттегі бұйымдарды ылғалды-жылумен өңдеудің әдістері мен амалдары;

температуралық режимдері;  
температураны реттеу тәсілдері;

көрсетілген ассортиментінің тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен өңдеуде қолданылатын жабдықтардың түрлері.

## **Параграф 62. Тігін бұйымдарын термоөңдеуші, 2-разряд**

129. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі жабдықтарда фасонды төсек-орын жаймаларын, дайын баскиімдерді, трикотаж және тоқыма-галантерея өндірісінде әртүрлі жеке бұйымдарды, ойыншық өндірісіндегі бөлшектер мен дайын бұйымдарды, бұйымның жоғарымен біріктірілмеген жалғауларды, астарларды қосып тігілмеген, тігістерді, жиектерді түзетпей погондарды, бұйымдардың шағын бөлшектерін престоуден басқа, өзге бұйымдарды ылғалды-жылумен өңдеу;

материалдарды әшекейлеу;

түкті және иық жапсырмаларын бір мезгілде тіркей отырып, желімді борт төсемдерін біріктіру;

барқыттан жасалған баскиімнің бөлшектерін булау.

130. Білуге тиіс:

көрсетілген ассортименттегі бұйымдарды ылғалды-жылумен өңдеудің әдістері мен амалдары;

қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;

көрсетілген ассортименттегі тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен өңдеуде қолданылатын жабдықтардың түрлері.

### **Параграф 63. Тігін бұйымдарын термоөңдеуші, 3-разряд**

131. Жұмыс сипаттамасы:

эртүрлі жабдықтарда іш киімнің дайын бұйымдарын, өндірістік киім бұйымдарын, жоғарғы трикотаж бұйымдарын, галстуктерді, алжапқыштарды, корсет бұйымдарын, баскиімдерді, шалбардың алдыңғы жартысын, бөлшектер мен бұйымдардың тігістерін, жасанды үлбірден жасалған астардың тігістерін, ашық жоғарғы иық жапсырмасының жең ойындыларын, бұйымның жоғарғы жағына қосылған астарларды, қосылатын жылы астармен қоса отырып, үлбір өндірісінде бұйымның тысын астармен қоса отырып ылғалды-жылумен өңдеу;

астарына төселген үлбір өндірісінде астарымен біріктіру алдында бұйымның жоғарғы бөлігін ылғалды-жылумен өңдеу;

жоғарғы бөлшектердің желім төсемдерімен, жиектермен, аппликацияларды бөлшектерге, бұйымдарға жабыстыру;

көйлек ассортиментінің бұйымдарын булау;

эртүрлі материалдардан жасалған қалпақ-панамаларды, береттерді, жокейлерді, тақияларды, капорларды, пилоткаларды, шлемдерді, малақайларды (құлақшындардан басқа) булау, түзету, кептіру;

мауыты және былғары қалпақтарды, нәски, унтыларды керіп түзету;

биялай, қолғаптарды түзету;

баскиім, погон өндірісінде жасанды үлбірден жасалған бөлшектерді престеу.

132. Білуге тиіс:

көрсетілген ассортименттегі бөлшектер мен бұйымдарды ылғалды-жылумен өңдеудің, булаудың, түзетудің әдістері мен амалдары;

тігін бұйымдарын дайындаудың технологиясы;

көрсетілген ассортименттегі тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен өңдеу үшін қолданылатын жабдықтардың түрлері;

қолданылатын жабдықтар жұмысындағы ұсақ ақауларды жою тәсілдері.

### **Параграф 64. Тігін бұйымдарын термоөңдеуші, 4-разряд**

133. Жұмыс сипаттамасы:

эртүрлі жабдықтарда дайын бұйымдарды: бушлаттарды, жилеттерді, комбинезондарды, қысқа комбинезондарды, форма жейделерді, шалбарларды, көйлек ассортиментіндегі киім бұйымдарын, көйлек және көйлек-костюм ассортиментіндегі жоғарғы трикотаж бұйымдарын және басқаларын, мойындарды, жағаларды, қайырмаларды, погондарды, контрастылы матадан жасалған белдікшелерді, борттарды,

шлицтерді, жең ойындыларын, жеңдердің жабық жеңтүптерді, бұйымдардың төменгі жағын, шалбарлардың артқы жартысын ылғалды-жылумен өңдеу;

борттарды, қайырмаларды, погондарды, паттарды, контрастылы матадан жасалған белдікшелерді жиектермен қосу;

үлбір, жүн, жібек, барқыт, табиғи және жасанды таспадан жасалған баскиімдерді булау, түзету, кептіру;

пальто-костюм ассортиментіндегі дайын бұйымдарды және барқыттан жасалған көйлек ассортиментінің бұйымдарын булау.

134. Білуге тиіс:

көрсетілген ассортименттегі бұйымдарды ылғалды-жылумен өңдеудің, түзетудің, кептірудің әдістері мен амалдары;

тігін бұйымдарының ассортименті;

операцияларды орындау жүйелілігі;

көрсетілген ассортименттегі тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен өңдеу кезінде қолданылатын жабдықтардың түрлері.

## **Параграф 65. Тігін бұйымдарын термоөңдеуші, 5-разряд**

135. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі жабдықтарда дайын бұйымдарды: пальтоларды, шинельдерді, сыртқы үлбір бұйымдарды, плащтарды, күрткелерді, пиджактарды, фрактарды, визиткаларды, мундирлерді, кительдерді, астарлы және жылыланған жакеттерді ылғалды-жылумен өңдеу;

бюстгальтерлердің көкірекшелерін қалыптау;

әртүрлі материалдардан жасалған қалпақтарды, фуражкаларды, құлақшындарды булау, түзету, кептіру.

136. Білуге тиіс:

көрсетілген ассортименттегі тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен өңдеудің, булаудың, түзетудің, кептірудің әдістері мен амалдары;

көрсетілген ассортименттегі тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен өңдеу кезінде қолданылатын жабдықтардың түрлері.

## **Параграф 66. Тігін жабдығының операторы, 3-разряд**

137. Жұмыс сипаттамасы:

күрделілігі орташа бөлшектерді автомат немесе жартылай автомат тігін жабдығында өңдеу процесін жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықтың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ұсақ ақауларды жою;

пішім сапасын, бөлшектердің, бұйымдардың, жіптердің, түймелердің және қосымша материалдар түсінің сәйкестігін бақылау.

138. Білуге тиіс:

бөлшектерді өңдеудің технологиялық параметрлері;  
тігіс түрлері, қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;  
қызмет көрсететін жабдықтың мақсаты мен жұмыс істеу принципі;  
әртүрлі құралдарды, құрылғылар мен автоматтандыру құралдарының мақсаты мен оларды пайдалану қағидалары.

139. Жұмыс үлгілері:

- 1) нәски-шұлық бұйымдарының сүйір басын тігу;
- 2) саңылаулардың ілмектерін түю;
- 3) клапандарды, белдіктерді, манжеттерді, сыналарды, шлицаларды, паттарды өңдеу ;
- 4) түймелерді тігу;
- 5) киімнің бөлшектерін бекіту;
- 6) фурнитураларды қосу;
- 7) тігістер мен бүкпелерді тегістеу.

## **Параграф 67. Тігін жабдығының операторы, 4-разряд**

140. Жұмыс сипаттамасы:

тігін бұйымдарының күрделі бөлшектерін автомат немесе жартылай автомат тігін жабдығында өңдеу процесін жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықтың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, оларды баптауға қатысу;

автоматтандырылған төсеу кешенінде әртүрлі материалдарды оңтайлы пайдалануды есептеуді сақтаумен оларды төсеу процесін жүргізу.

141. Білуге тиіс:

тігін бұйымдарының ассортименті және олардың бөлшектерін өңдеудің технологиялық параметрлері;

қызмет көрсететін жабдықтардың мақсаты мен жұмыс істеу принципі, оны баптау қағидалары;

материалдарды оңтайлы пайдалану есебімен оларды төсеу әдістері мен амалдары;  
автоматтандырылған жабдықты басқару панеліне төсеу режимдерін орнату жүйесі;  
төсем ұзындығының шегі мен орнату қағидалары;

көтеру механизмін реттеу тәсілдері және төсеу құрылғысының қозғалу жылдамдығы;

төсем сапасына қойылатын талаптар;

материалдардың қасиеттері мен оларды төсеу ерекшеліктері.



142. Жұмыс үлгілері:

- 1) жайманы фигуралық сырмамен сырып тігу;
- 2) жағаларды, борттарды, қайырмаларды, қалталарды өңдеу;
- 3) бұйым (шұлық) бөлшектерін қосу.

## **Параграф 68. Тігін жабдығының операторы, 5-разряд**

143. Жұмыс сипаттамасы:

аса күрделі бұйымдарды автомат немесе жартылай автомат тігін жабдығында дайындау процесін жүргізу;

әртүрлі материалдарды бағдарламалық басқарумен автоматтандырылған пішу кешенінде пішу процесін жүргізу;

автоматтандырылған пішу кешеніне техникалық қызмет көрсету;

электрондық есептеуіш машиналарын пайдалана отырып, әртүрлі материалдардың сапасын бақылау процесін жүргізу;

материалдардың бөліктері мен қалдықтарын электрондық есептеуіш машинада есептеу және оларды пішу үшін артикулы, түсі мен көлемі бойынша жинақтау.

144. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылысы, оны жөндеу тәсілдері;

автоматтандырылған пішу кешенінің жұмыс істеу принципі және пайдалану қағидалары;

пішу режимдерін түзету;

пішім сапасына қойылатын талаптар;

бақыланатын материалдардың сапасын тексеру әдістері мен амалдары;

материалдардың бөліктерін есептеудің қағидалары мен тәсілдері, пішу кестесі;

материалдардың шығын нормалары және технологиялық қалдықтардың шекті пайызы.

## **Параграф 69. Тігін жабдығының операторы, 6-разряд**

145. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі материалдарды бағдарламалық басқарумен автоматтандырылған пішу кешенінде пішу процесін жүргізу және оны баптау;

пішу бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

автоматтандырылған пішу кешеніне техникалық қызмет көрсету және оны жөндеуге қатысу.

146. Білуге тиіс:

автоматтандырылған пішу кешенінің жұмыс істеу принципі және пайдалану қағидалары;

қызмет көрсететін кешеннің құрылымдық ерекшеліктері;

механикалық, электрлік және пневматикалық шағын жүйелердің құрылысы;  
автоматтандырылған пішу кешенінде ақаулықтардың пайда болуы себептері,  
олардың алдын алу тәсілдері;  
пішу сапасына қойылатын талаптар;  
пішу режимдерін түзету.  
147. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## **Параграф 70. Тігінші, 2-разряд**

148. Жұмыс сипаттамасы:  
қатты және біртүсті маталар мен бұйымдарды, тегіс нәски-шұлық бұйымдарын  
торлап жамау арқылы машиналарда немесе қолмен жөндеу;  
дайын бұйымдарды тазалау;  
әртүрлі бұйымдарды тігу және жөндеу кезінде фурнитураны, түймелерді түбін  
тартпай қолмен қосу;  
бұйымдардан фурнитурасын, әшекейлерін, үлбір жағаларын алу;  
фурнитура мен әшекейлегіштерді орау;  
химиялық тазарту және киімді бояу кезінде заттарды нөмірлеп таңбалау.

149. Білуге тиіс:  
торлап жамау, дайын бұйымдарды тазалау, фурнитураны қосу, фурнитураны,  
әшекейлерін, үлбір жағаларды, фурнитура орамасын, бұйымның таңбасын алу,  
өңдеудің әдістері мен амалдары;  
қолданылатын машиналардың мақсаты мен жұмыс істеу принципі.

## **Параграф 71. Тігінші, 3-разряд**

150. Жұмыс сипаттамасы:  
тігін бұйымдарын, модельдер мен үлгілерді жеке тапсырыс бойынша тігу;  
тапсырыс төлқұжаттарына, мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және  
белгіленген өңдеу технологиясына сәйкес машиналарда немесе қолмен әртүрлі  
материалдардан жасалған іш киімді (дамбал мен жейде), ас үй және төсек-орын  
жаймаларын, биялайларды жөндеу;  
астарларды, борттарды және жылыланған астарларды өңдеу және жөндеу;  
үлбір қаптамасын төсемесімен тарту;  
бөлшектердің тіліктерін, ілмектерін арнайы машинада орау;  
пішуші белгілеген сызықтарды симметриялы бөлшектерге әртүрлі тәсілдермен  
көшіру;  
түймені түбін тарта отырып, тігу;  
бұйымды сөгу және бөлшектерін тазалау;  
материалдың тік кесіктерін жабыстыру;

әртүрлі бұйымдарды тігу және жөндеу кезінде ұсақ бөлшектерді ылғалды-жылумен өңдеу.

151. Білуге тиіс:

көрсетілген тігін бұйымдарын тігу, жөндеу және ылғалды-жылумен өңдеу әдістері мен амалдары;

тігін бұйымдарының бөлшектерін өңдеу технологиясы;

қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;

қолданылатын материалдардың құрылысы.

## **Параграф 72. Тігінші, 4-разряд**

152. Жұмыс сипаттамасы:

тігін бұйымдарын, модельдер мен үлгілерді жеке тапсырыс бойынша тігу;

үлбірлі астарлы жилеттерді, іш киімді (пижамаларды, кальсондарды, түнгі және астыңғы іш көйлектерді), фасонды төсек-орын жабдықтарын (көрпе тысы), көрпелерді, алжапқыштарды, қолғаптарды, өндірістік киім бұйымдарын және әртүрлі материалдардан жасалған басқа да ұқсас бұйымдарды машиналарда немесе қолмен еңбек бөлінісімен немесе еңбекті бөліспей жөндеу және жаңарту;

өндіріске жаңа модельдерді енгізуге қатысу;

шалбарларды, қысқа комбинезондарды, сырт жейделерді, курткаларды, ер адамдарға арналған жилеттерді (үлбір астарлы жилеттерден басқа), корсет бұйымдарын, бушлаттарды, форма жейделерді жұмыс құрамында борттарды, қайырмаларды, жағаларды, мойындарды, жең ойындыларын, ойық қалталарды, қайралған ілмектерді, алдыңғы жақты планкамен кесулерді өңдеу, жағаны мойынмен қосу, көктелген жеңді жең ойындыларына орнату, ілмекті қолмен көктеу, астарды бұйымның үстімен пішу және қиыстырып келтіру, кеуде тұсында форма жасау үшін жоғарғы бөлікті қолмен ылғалды-жылумен өңдеу, көктелген жеңнің, жоғарғы жағаның көктелген борт астарын орналасуын, көрсетілген бұйымдарды, шалбардан басқасын, соңғы ылғалды-жылумен өңдеу операциялары болған жағдайда еңбек бөлінісімен тігу және жөндеу;

бұйымның жоғарғы және төменгі бөлшектерін өңдеу;

борт астарына қатпарды қолмен көктеу;

астарға жылы қабат астарды сырып тігу;

жоғарғы бөлшектерді қосу;

астар мен жылы қабатты бұйыммен қосу;

қолмен қалып беру үшін жасалған борт қабатын ылғалды-жылумен өңдеу;

бөлшектердің көшірмесін престо алу,

булау мен тазалаудан кейін бұйымның бөлшектерін ылғалды-жылумен өңдеу;

жапсыру, тігу, қайрау арқылы жөндеу;

әртүрлі бұйымдарды тігу және жөндеу кезінде үстіңгі учаскеде қондырмаларды, жапсырмаларды (тізешелерді, шынтақатқыштарды) теңшеу;  
жеке бұйымдардағы ақаулықтарды суретті сақтай отырып, түзету;  
суретті және капрон бұйымдарды, трикотаж жайманы торлап жамау;  
тартылып қалған жіптерді түзету.

153. Білуге тиіс:

тігін бұйымдарының көрсетілген ассортиментін тігу, жөндеу, ылғалды-жылумен өңдеу, торлап жамау технологиясы, әдістері мен амалдары;  
бұйымдардың ассортименті, құрылысы, құрамдас бөліктері мен бөлшектері;  
тігістердің түрлері, қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;  
қолданылатын машиналардың жұмысындағы ұсақ ақауларды жою тәртібі.

### **Параграф 73. Тігінші, 5-разряд**

154. Жұмыс сипаттамасы:

тігін бұйымдарын, модельдер мен үлгілерді жеке тапсырыс бойынша тігу;  
әртүрлі материалдардан шалбарларды, қысқа комбинезондарды, сырт жейделерді, куртқаларды, ер адамдарға арналған жилеттерді (үлбір астарлы жилеттерден басқа), корсет бұйымдарын, бушлаттарды, форма жейделерді жұмыс құрамында өлшеуден кейін бормен сызылған сызықтарды қалпына келтіру, жоғарғы бөлшектерін пішу, сызықтарды алдын ала белгілеп алып, жоғарғы бөлшектерін кесу, шалбардың белдігін өңдеу, жеңнің жең ойындыларын көктеу немесе жеңді жабық ойындыға қондырып тігу, бюстгальтердің көкірекшелерін жабық кесіндіге қондырып тігу, шалбардың артқы бөлігін ылғалды-жылумен өңдеу және шалбарды соңғы ылғалды-жылумен өңдеу операциялары болған жағдайда машиналарда немесе қолмен еңбек бөлінісімен немесе еңбекті бөліспей жөндеу және жаңарту;

пальтоларды, пиджактарды, фрактарды, визитқаларды, астарлы жакеттерді, сыртқы үлбір киімдерді, шинельдерді, плащтарды, кительдерді, мундирлерді, комбинезондарды, астарлы және борттық астарлы куртқаларды, көйлек ассортиментінің бұйымдарын ( жоғарғы іш көйлектерден, шалбарлар мен қысқа комбинезондардан басқа) жұмыс құрамында борттарды, қайырмаларды, жағаларды, мойындарды, жең ойындыларын, ойық қалталарды, қайралған ілмектерді, алдыңғы жақты планкамен кесулерді өңдеу, жағаны мойынмен қосу, көктелген жеңді жең ойындыларына орнату, лифті юбкамен қосу, бұйымның үстімен астарларды жиектеу және қиыстырып келтіру, кеуде тұсында форма жасау үшін жоғарғы бөліктерді қолмен ылғалды-жылумен өңдеу, көктелген жеңдерді, көктелген борттарды, жоғарғы жағаларды орнату операциялары болған жағдайда еңбек бөлінісімен тігу және жөндеу;

үлбірді таңдай отырып, табиғи үлбірден жасалған баскиімдерді жөндеу;

көркем торлап жамау, білдірмей торлау, жапсырмаларды қосып өру, әртүрлі бұйымдар мен материалдарды жөндеу кезінде тігістерді сөгу.

155. Білуге тиіс:

көрсетілген тігін бұйымдарының ассортиментін тігу, жөндеу, ылғалды-жылумен өңдеу, көркем торлап жамау, білдірмей торлау, жапсырмаларды қосып өру технологиясы, әдістері мен амалдары;

бұйымның құрылысын, құрамдас бөліктері мен бөлшектер;  
қолданылатын машиналардың құрылымдық ерекшеліктері.

## **Параграф 74. Тігінші, 6-разряд**

156. Жұмыс сипаттамасы:

тігін бұйымдарын, модель мен үлгілерді жеке тапсырыс бойынша тігу;

әртүрлі материалдардан пальтоларды, пиджактарды, фрактарды, визиткаларды, астарлы жакеттерді, сыртқы үлбір киімдерді, шинельдерді, плащтарды, кительдерді, мундирлерді, комбинезондарды, астарлы және борттық астарлы курткаларды, көйлек ассортиментінің бұйымдарын (жоғарғы іш көйлектерден, шалбарлар мен қысқа комбинезондардан басқа) жұмыс құрамында өлшеуден кейін бормен сызылған сызықтарды қалпына келтіру, жоғарғы бөлшектерін пішу, сызықтарды алдын ала белгілеп алып, жоғарғы бөлшектерін кесу, көрсетілген бұйымдарды соңғы ылғалды-жылумен өңдеу, жеңдердің қиындысын жабық жең ойындысына қондыра көктеу немесе тігу операциядары болған жағдайда машиналарда немесе қолмен еңбек бөлінісімен немесе еңбекті бөліспей жөндеу және жаңарту.

157. Білуге тиіс:

көрсетілген тігін бұйымдарының ассортиментін тігу, жөндеу, ылғалды-жылумен өңдеу технологиясы, әдістері мен амалдары;

тігін бұйымдарының құрылысы, құрамдас бөліктері мен бөлшектері.

## **Параграф 75. Тігінші, 7-разряд**

158. Жұмыс сипаттамасы:

жеке эскиздер, әртүрлі мақсаттағы киім бұйымдарын үлгі-эталондар және тәжірибелік үлгілер бойынша, табиғи, синтетикалық және аралас маталардан, трикотаж жаймалардан жасалған конструктивтік шешімі бойынша әртүрлі киімдердің эксклюзивті модельдерін тігу.

159. Білуге тиіс:

әртүрлі мақсаттағы киім үлгілерін жасау технологиясы;

көрсетілген ассортименттегі бұйымдарды технологиялық өңдеудің жаңа әдістері, амалдары мен ерекшеліктері.

## **Параграф 76. Тігіп пішуші, 4-разряд**

160. Жұмыс сипаттамасы:

материалды тігу кезінде пішу;

іш киім мен төсек-орын жабдықтарын, модельдеуші ұйымдардан алынған лекалолардың силуэттік негіздері бойынша өлшемдерді алумен корсет бұйымдарын жөндеу кезінде қайта пішу;

бұйымдардың фасондарын таңдау;

бұйымдарды тапсырыс берушілердің дене бітіміне өлшеу;

өлшеуден кейін бормен белгілеу және бөлшектерді кесу;

дайын бұйымдарды тапсырыс берушілерге тапсыру;

іш киім, корсет бұйымдарын жөндеу сипатын тапсырыс берушілермен келісу;

жөндеуге әкелінген материалдың немесе корсет бұйымдарының ақаулығын анықтау - біліктілігі жоғары пішушінің басшылығымен жұмыс жасаған кезде.

161. Білуге тиіс:

кұрастыру және пішу негіздері;

іш киім мен төсек-орын жабдықтары, корсет бұйымдарын пішу, тігу және жөндеу технологиясы;

модельдің заманауи бағыттары;

қолданылатын материалдардың мақсаты мен қасиеттері.

## **Параграф 77. Тігіп пішуші, 5-разряд**

162. Жұмыс сипаттамасы:

материалды тігу кезінде пішу;

модельдеуші ұйымдардан алынған лекалолардың силуэттік негіздері бойынша өлшемдерді алумен пальто-костюм және көйлек киімдерінің ассортименттерін, өндірістік киімдердің бұйымдарын жөндеу, жаңарту, қайта тігу кезінде қайта пішу;

бұйымдардың фасондарын таңдау, бұйымдарды тапсырыс берушілердің дене бітіміне өлшеу;

өлшеуден кейін бормен белгілеу және бөлшектерді кесу;

дайын бұйымдарды тапсырыс берушілерге тапсыру;

пальто-костюм мен көйлек ассортиментінің, өндірістік киімдерді тапсырыс берушілермен келісу;

жөндеуге, жаңартуға, қайта тігуге әкелінген материалдардың немесе бұйымдардың ақаулықтарын анықтау - біліктілігі жоғары пішушінің басшылығымен жұмыс жасаған кезде.

материалда бөлшектердің сызбасын жасау арқылы немесе лекалолар бойынша іш киім мен төсек-орын жабдықтарын, корсет бұйымдарын тігу және қайта пішу, жөндеу кезінде материалдарды пішу;

фасондарды тапсырыс төлқұжатында суретін сала отырып, оларды таңдау;

тапсырыс берушілердің дене бітімінің өлшемдерін алу;

таңдалған фасондардың бұйымдарын пішу үшін лекалоларды жасау;

жасау процесі кезінде бұйымдарды тапсырыс берушілерінің дене бітімі бойынша өлшеу;

өлшеуден кейін бормен белгілеу және бөлшектерді кесу;

дайын бұйымдардың сапасын эстетикалық және құрылымдық-эргономикалық көрсеткіштері бойынша тексеру;

дайын өнімдерді тапсырыс берушілерге тапсыру;

іш киімді және төсек-орын жабдықтарын, корсет бұйымдарын жөндеу сипатын тапсырыс берушілермен келісу;

дербес жұмыс жасау кезінде жөндеуге әкелінген материалдардың немесе корсет бұйымдарының ақаулықтарын анықтау.

163. Білуге тиіс:

пальто-костюм және көйлек ассортиментінің киімдерін, өндірістік киімдерді пішу, тігу және жөндеу технологиясы, құрастыру және пішу негіздері;

модельдеудің заманауи бағыттары;

қолданылатын материалдардың қасиеттері;

іш киім және төсек-орын жабдықтарын, корсет бұйымдарын құрастыру және пішудің прогрессивті әдістері, пішу, тігу және жөндеу технологиясы;

ақаулықтарды жою және киім бұйымдарын дене бітіміне келтіру тәсілдері;

материалдарды оңтайлы пайдалану тәсілдері және материалдарды бұйымдарға шығындау нормалары;

фасондарды суретін салу техникасы;

киімді тігу және жөндеу кезінде материалды пішу бойынша қолданыстағы техникалық құжаттама;

еңбек бөлінісімен және еңбекті бөліспей жұмыс жасаған кезде тігуді ұйымдастыру әдістері.

## **Параграф 78. Тігіп пішуді, 6-разряд**

164. Жұмыс сипаттамасы:

материалды тігу кезінде пішу;

материалда бөлшектердің сызбасын жасау арқылы немесе лекалолар бойынша пальто-костюм мен көйлек ассортиментіндегі киімдерінің, өндірістік киімдердің бұйымдарын жөндеу, жаңарту және қайта тігу кезінде қайта пішу;

фасондарды тапсырыс төлқұжатында суретін сала отырып, оларды таңдау;  
тапсырыс берушілердің дене бітімінің өлшемдерін алу;  
таңдалған фасондардың бұйымдарын пішу үшін лекалоларды жасау;  
жасау процесі кезінде бұйымдарды тапсырыс берушілерінің дене бітімі бойынша өлшеу;

өлшеуден кейін бормен белгілеу және бөлшектерді кесу;

дайын бұйымдардың сапасын эстетикалық және құрылымдық-эргономикалық көрсеткіштері бойынша тексеру;

дайын өнімдерді тапсырыс берушілерге тапсыру;

киімді жөндеу сипатын тапсырыс берушілермен келісу;

жөндеуге, жаңартуға әкелінген материалдың немесе бұйымдардың ақаулықтарын анықтау - өздігінен жұмыс жасаған кезде.

165. Білуге тиіс:

құрастыру және пішудің прогрессивті әдістері;

пальто-костюм және көйлек ассортиментінің киімдері, өндірістік киімдерді пішу, тігу және жөндеу технологиясы;

фасондарды, материалдарды таңдау, киім бұйымдарын құрастыру және модельдеудің ерекшеліктері;

ақаулықтарды жою және киім бұйымдарын дене бітіміне келтіру тәсілдері;

материалдарды оңтайлы пайдалану тәсілдері және материалдарды киім бұйымдарына шығындау нормалары;

фасондарды суретін салу техникасы;

киімді тігу және жөндеу кезінде материалды пішу бойынша қолданыстағы техникалық құжаттама;

еңбек бөлінісімен және еңбекті бөліспей жұмыс жасаған кезде тігуді ұйымдастыру әдістері.

## **Параграф 79. Тігіп пішуші, 7-разряд**

166. Жұмыс сипаттамасы:

жеке модельдеуді қажет ететін киімнің аса күрделі көркемділігі жоғары бұйымдарды тігу бойынша жұмыстар кешенін орындау;

суретші-модельердің немесе тапсырыс берушінің эскизі бойынша жаңа модельдерді дайындауға қатысу;

аса күрделі көркемділігі жоғары бұйымдарды орындау кезінде біліктілігі төмен тігіп пішушілерге басшылық жасау.

167. Білуге тиіс:

киімді құрастыру мен материалды пішудің технологиясы, прогрессивті әдістері;

киімді модельдеу бойынша отандық және шетелдік тәжірибе;



киім фасондары және материалды пішу үшін оны таңдау ерекшеліктері;  
киімнің аса оригиналды бұйымдарын құрастыру және модельдеу әдістері;  
киімді құрастыру және модельдеу бойынша қолданыстағы техникалық құжаттама.  
Ескерту:

киім бұйымдарын модельдеумен айналысатын тігіп пішуші "Тігіп пішуші-модельер"  
деп аталуы мүмкін.

## **Параграф 80. Тігуші, 2-разряд**

168. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі материалдардан бұйымдар тігу бойынша дайындық және қарапайым операцияларды машиналарда немесе қолмен орындау;

пішім сапасын, фурнитураның бұйымның түсі мен мақсатына сәйкестігін бақылау;  
жіптердің үзілуін болдырмау;

шөлмекті ауыстыру;

жіптердің тартылуын және тігістің жиілігін реттеу.

169. Білуге тиіс:

дайындық және қарапайым операцияларды орындаудың әдістері мен амалдары;

қызмет көрсететін машиналардың мақсаты және пайдалану қағидалары, инелердің нөмірі;

жіпті бекіту, шөлмекті ауыстыру, жіптердің тартылуы және тігістің жиілігін реттеу қағидалары.

170. Жұмыс үлгілері:

тігін, үлбір, трикотаж, тоқыма-галантерея, баскиім, басқа бұйымдар, такелаждық және тоқыма өнеркәсібінің басқа да өндірістер:

өткізу:

1) реттеуіштерге аспа баулары;

2) иіргішке иілімді ленталары;

айналдыру:

1) бөлшектер;

2) жиектерді, бұрыштарды түзете отырып, бөлшектер, бұйымдар;

3) бұйымдар;

қию:

1) өңдеу бөлшектері;

2) жиекке және ілмекке борт астарлары;

дайындау:

1) әртүрлі материалдардан сүйірлер;

2) жұмсақ тара;

3) фирмалық лента (балқыту);

кесу:

- 1) тігістің артығы;
- 2) сырт бетінің, астарының, ілкі қабатының артығы;
- 3) тегістеу тігістері;

жасау:

- 1) жіптен жасалған ілмектер;

бор жағу:

- 1) бормен таңбалау;

жағу:

- 1) погондағы, орамадағы, астарлардағы, маңдайшалардағы, лентадағы белгілер;

өңдеу:

- 1) ас үй, төсек-орын жаймасы;

қаптау:

- 1) түймелер;

қолмен тігу:

1) бөлшектерді айналдыруға қалдырылған саңылаулар және осыған ұқсас өзге жұмыстар;

біріктіру:

- 1) астарлардың тігістері, сырт бетінің тігістеріне төсеу;

бүгу:

- 1) біздің ілмегі;

жабыстыру:

- 1) бөлшектер;

жару:

- 1) бөлшектердің жиектері;
- 2) тігістер;

жарып кесу:

- 1) жиектерін ілмектерге;
- 2) бөлшектерді ұзын бойына;

тілу:

- 1) бауларды, шілтерді, жапсырмаларды, ілмектерді, белдіктерді;

қосу:

- 1) ілмекті бөлшектермен, бұйымдармен;
- 2) резеңкенің ұштарын;
- 3) резеңкенің, таспаның, жиектің ұштарын бөлшектермен, бұйымдармен;
- 4) белдікті бұйыммен қолмен;
- 5) этикеткаларды бұйымдармен;

бекіту:

1) сыртқы қабаттың, астардың ішкі қабаттың бөлшектерін батырмаға, түймеге, "найзағайға";

тарту:

1) тігістен кейін жинақтау үшін жіпті;

орау:

1) шалбардың таспасын арнайы құрылғыға;

2) тегістелген белдікті кассетаға;

ішіне салу:

1) бөлшектерді, түймелерді, батырмаларды және басқа да қалтаға;

жөндеу:

1) жұмсақ тара;

алып тастау:

1) көктеу жіптерін;

тазалау:

1) бөлшектерді, бұйымдарды щеткамен немесе химиялық құраммен;

2) бұйымдарды өндірістік қоқыстардан қағу арқылы;

3) бұйымдарды өндірістік қоқыстардан (жіп, жапсырма, көктеу жіптерінен);

4) ішінде жылылау қабаты бар бұйымдардың ілмектерін;

трикотаж өндірісі:

өңдеу:

1) нәски-шұлық бұйымдарының сүйір басын тігу (мақта-мата бұйымдары);

2) дөңгелек шұлық автоматында жасалған нәски-шұлық бұйымдары.

еңбек бөлінісінсіз тігу:

баскиім:

біріктіру:

1) нәски-шұлық және қолғап бұйымдарын жұптау;

2) жайманың бөлшектерін ұзындығы бойынша;

3) жайманың бөлшектерін ені бойынша;

торлау:

1) шұлықтың борттарын;

2) ілмекті бір уақытта өңдей отырып, шұлықтың жоғарғы жағын;

тоқыма-галантерея өндірісі:

біріктіру:

1) кестелеу үшін ұзындығы бойынша купондар;

2) баскиім өндірісі;

кесу:

1) құлақ саңылауы;

2) шлемнің қарауға арналған рамалары;

бүгу:

1) белбеулерді;

өлшеу:

1) бөлшектер мен бұйымдарды;

өңдеу:

1) өңдеу бөлшектерін;

2) маңдайшаларды;

орау:

1) жоғарғы және төменгі бөріктің борттары;

қию:

1) жасанды үлбірден жасалған баскиімдер;

тесу:

1) саңылаулар;

тарау:

1) баскиімдер;

жұқалау:

1) қалың жерлерді;

2) басқа бұйымдар өндірісі;

дайындау:

1) қақпақтар, баулар;

керу:

1) тулар;

иіру:

1) жіптерді, арқанды жеке бөліктерге;

2) сым арқандар;

біріктіру:

1) жегілдің бөгеттері, жегілдің астары;

киіз басу өндірісі:

біріктіру:

1) бөлшектер, техникалық киіз сүзгілер, төсемелер, тығыздама және басқалары;

тоқыма өнеркәсібінің басқа да өндірістері:

тігу:

1) автотөсемелер және басқа да бұйымдар;

2) қаптар мен басқа да бұйымдар;

бекіту:

1) тамбурлық тігістер;

қосып тігу:

1) дайын маталардың бумасы;

біріктіру:

1) маталар;

жүн өндірісі:

өңдеу:

1) орамалдар.

## **Параграф 81. Тігуші, 3-разряд**

171. Жұмыс сипаттамасы:

эртүрлі материалдардан бұйымдарды тігудің қарапайым операцияларын машиналарда немесе қолмен орындау;

бөлшектердің, бұйымдардың, қосымша материалдардың, жіптердің түсіне сәйкестігін бақылау.

172. Білуге тиіс:

бұйымдарды тігудің қарапайым операцияларын орындаудың әдістері мен амалдары; тігістердің типтерін, материалдардың түрлері мен қасиеттері;

қызмет көрсететін машиналардың құрылысы.

173. Жұмыс үлгілері:

тігін, үлбір, трикотаж, тоқыма-галантерея, баскиім, басқа бұйымдар, киіз басу мен такелаждық және өзге тоқыма өнеркәсібінің өндірісі:

сырып тігу:

1) жылы салмасы бар астарлар;

қайып тігу:

1) погон мен қолғаптағы суреттер;

бекіту:

1) блоктар;

2) батырмалар;

3) шалбардағы ілмектер;

4) хольнитендер;

5) тігістер;

бор жағу:

1) бөлшектердегі сызықтар;

2) батырма, ілмек, блок, түймелердің орналасқан орны;

қолмен орау:

1) үлбірден жасалған бөлшектер;

2) бұйымның сыртына жылы салмасы бар астарлар;

3) борт астарының қабаттары;

торлау:

1) сақиналарды;

2) көрпе мен пледтердің жиектерін;

3) кілем мен кілем бұйымдарының жиектерін;

- 4) саңылауларды;
- 5) ілмекті;
- 6) бөлшектер мен бұйымдарды өңдеу тігісімен кесу;
- 7) жиектерін бүге отырып, бөлшектер мен бұйымдарды кесу;
- 8) бөлшектер мен бұйымдардың кесіндісі, тігістері;

нөмірлеу:

- 1) бөлшектер;

өңдеу:

1) жоғарғы бөлшектерін (клапандар, қабаттар, белдіктер, паттар, қайырмалар және басқалары);

- 2) біржіпті оверлоктағы бұйымның етегі (трикотаж жайма);

- 3) астарлар;

- 4) қалтаның астарлары;

- 5) ішкі қабаттар;

- 6) таспа сала отырып, бұйымның тораптары;

тілу:

- 1) жоғарғы бөлшектерін;

көмкеріп тігу:

- 1) жең ойындысы бойынша жеңдерінің астарлары;

бекіту:

- 1) жылы астардың жиегін борт астарларына;

- 2) тігістер;

- 3) астар тігістері;

біріктіру:

- 1) бұйымның бөлшектерін;

- 2) жиектерін, астарларын сырт бұйымдарға;

- 3) астарларды, борт төсемдерін жылытатын төсемдермен;

- 4) төсем жеңдері, жылытатын төсемдерді ашық жең ойындыларымен;

- 5) спиральді "найзағай" ілгегін жасауға арналған арнайы машинада таспаға;

- 6) "найзағай" таспасын бөлшектермен;

- 7) қолмен фурнитураны;

- 8) өңдеу фурнитурасын бұйымдармен, бөлшектермен;

жиектеу:

- 1) тігістер;

тарау:

- 1) жасанды үлбірден жасалған бұйымдардың тігістерін;

бүктеу:

- 1) ішкөйлектерді;

үлбір өндірісі:

сырып тігу:

1) үлбір пішімі;

бекіту:

1) ашық төсеменің жиегін төсемені ішке қарай бүге отыра, үлбір сыртының тиісті тігістеріне;

трикотаж өндірісі:

орындау:

1) арнайы машиналарда резина тарту жұмыстары;

өңдеу:

1) ерлер іш киімінің алдыңғы бөлігінің бөлшектерін планкамен;

2) нәски-шұлық бұйымдарының сүйір басын тігу (капрон, эластик);

3) нәски-шұлық бұйымдарының сүйір басын автоматтандырылған тігу үшін машиналарда (соқыр ілмелеу);

тоқыма-галантерея өндірісі:

қаптау:

1) көркем дара бұйымдар;

салу:

1) қаңқаны фуражканың тірегі мен тысына;

такелаждық өндіріс:

дайындау:

1) жылытқыштар;

2) рамалардың тұғыры;

сырып тігу:

1) борт ленталарын плащ-палатканың жиегіне;

2) плащ-палаткаға таспаны сала отырып, иыққа орнататын салманы;

3) планканы плащ-палатканың тілігіне;

тілу:

1) такелаждық бұйымдар;

басқа бұйымдар өндірісі:

өңдеу:

1) заттық қаптар;

тігу:

1) желдеткіш келте құбырлар;

2) локомотивтерге, жеңге суфлені;

3) жылытуға арналған тыстар.

## **Параграф 82. Тігуші, 4-разряд**

174. Жұмыс сипаттамасы:

эртүрлі материалдардан бұйымдарды тігудің күрделілігі орташа операцияларды машиналарда немесе қолмен орындау;

қызмет көрсететін машиналар жұмысындағы ұсақ ақауларды жою.

175. Білуге тиіс:

күрделілігі орташа операцияларды орындаудың әдістері мен амалдары;

бұйымдардың ассортименті, авиацияда қолданылатын тігу материалдарының түрлері мен сапасы;

қызмет көрсететін машиналар жұмысындағы ұсақ ақауларды жою тәсілдері.

176. Жұмыс үлгілері:

тігін, үлбір, трикотаж, тоқыма-галантерея, баскиім, басқа бұйымдар, киіз басу, такелаждық өндірісі:

өңдеу:

1) астарлы ішкі қалталарды;

2) бұйымның етегін;

3) жеңнің ұшын;

4) ашық жең ойындыларын;

5) бұйымдардың кесіндісін өңдей отырып, ілмекті немесе ілгекті таспаны жартылай автоматта жару;

6) күрделілігі орташа қатпар, жиырылыс (трикотаж жайма);

жиектеу:

1) жоғарғы бөлшектерін;

2) астардың бөлшектерін;

3) үлбір астардың бөлшектерін;

4) перделік жайманың жиектерін;

сырып тігу:

1) кез келген бөлшектегі өңдеу тігістері;

2) иілімді таспаны қоя отырып, қайып тігілген белбеу мен манжет бойынша өңдеу сырма тігістері;

қиыстырып келтіру:

1) бұйымның үстімен, біріктірілетін жылылау бөлігіне астарды;

біріктіру:

1) шалбардың қыры мен орта бөліктері;

2) корсет бұйымдарындағы көкірекше бөлшектерін жеке салынатын тігіспен;

3) шілтерді бөлшектермен және бұйымдармен;

4) грацияның артқы бөлшектері бар жарғақтар;

5) жеңі бар манжеттер;

6) кесінді бөлшекті корсет бұйымдарындағы көкірекше бөлшектерін жеке салынатын тігіспен;

7) астарды бұйымның үстімен, жеңнің төменгі бөлігімен;



- 8) иықтың салмасы, жеңнің түпкі қондырмасы;
- 9) иық жең ойындыларын мақта-мата таспасымен;
- 10) астардың, жылылаушы астардың жеңін жабық жең ойындыларымен;
- 11) жеңді ашық ойындыға және регланға;
- 12) "найзағай" таспасын бұйымдармен;
- 13) ілмекті немесе ілгекті таспаны бұйыммен;
- 14) бастырманы шалбардың жоғарғы бөлігімен және белбеумен;
- 15) балақбауды шалбардың, рейтуздың балағымен;
- 16) 3, 4 бөлшектен тұратын корсет бұйымдарының көкірекшелерін (астарлы);

17) корсет бұйымдарында орнақтың ашық кесіндісі бар көкірекшелерді жеке салынатын тігіспен бір қабылдауда кейіннен қаңқалы таспамен сырып тігу;  
қалыптастыру:

1) машинада үлкен етіп бөліп бұйымның бөлшектерінде жинау;  
сырып тігу:

- 1) аппликацияны;
- 2) 2 инелі машинада бөлшектердің көмкермесі;
- 3) былғарыны "зиг-заг" машинада;

4) өлшемдік таспа сала отырып немесе иілімді сызық сала отырып, белдікті қырынан, астынан және үстінен әдіпті немесе өңдеуді;

5) өлшемдік таспа немесе ілмек бау сала отырып, корсет бұйымдарын қырынан, астынан және үстінен әдіпті немесе иілімді таспаны;

6) иілімді таспаны сала отырып, корсет бұйымдарындағы көкірекшелерді қырынан және бүйіріндегі бөлшектерін үстінен өңдеуді;

7) бүйір бөлшектерін және қиындыларды әдіптей отырып, корсет бұйымдарындағы көкірекшені тіліктері бойынша өңдеу;

8) әдіпті әдіптей отырып және қаңқаны сала отырып, корсет бұйымдарындағы көкірекшенің төменгі бөлшектерін әдіптеу тігістері;

9) иілімді таспаны етегі бар лифке;

10) юбканы бюстгальтерге, жартылай грацияға жабық жиек бойынша иілімді таспаны;

сырып тігу:

1) корсет бұйымдарындағы көкірекшені әдіптеу тігістерін;

жүн салу:

1) астарды үлбір тысқа;

2) жылылау қабатына қосылған астарды үлбір қабатқа;

үлбір өндірісі:

біріктіру:

1) тығынды баскиімдерге;

2) үлбір астарды жеңнің, қолғаптың сыртқы қабатына;

трикотаж өндірісі:

қосып тігу:

1) иілімді таспаны жүргізе отырып, арнайы машинада сыртқы бұйымдарды;  
сырып тігу:

1) мойны, манжеті, жағасы бойымен өңдеу тігістері;

2) жиектерін бүге отырып, бұйымның немесе жеңнің төменгі бөлігі бойынша өңдеу тігістері;

біріктіру:

1) жағаны мойынмен;

2) жапсырма қалтаны, қабатты, клапанды бөлшектермен (бұйыммен);

3) планканы бұйыммен;

4) рельефті тігістерді;

өңдеу:

1) жағаны;

еңбек бөлінісінсіз тігу:

1) шалбарлар;

2) шөлке автоматтарынан балалардың киім-кешегі;

3) іш киімге арналған трикотаж бұйымдарын (комбинациялар, түнгі іш көйлектер, пеньюарлар);

4) қолғап бұйымдары;

5) шұлықтар;

6) рейтуздар;

жасау:

1) жалпағынан бүгіп бұйымдарда бүкпе жасау;

сөгу:

1) юбканың, шалбардың, тоқыма көйлектің мойнын, жең ойындыларын, инішін, етегін (үстін);

2) тігістерді;

тоқыма-галантерея өндірісі:

еңбек бөлінісінсіз тігу:

1) банттар;

2) жапсырмалар;

3) галстуктар;

4) погондар;

5) ерлер баулары;

6) ерлер помочтері;

7) ерлер мен әйелдер белбеулері;

8) регаттар;

қию:

1) көрпе мен пледтердің бұрыштарын 4 жағынан (дөңгелектеу);  
айналдыра тігу:

1) көрпе мен пледтерді "зиг-заг" тігісімен айналдыра тігу;  
баскиім өндірісі:

майыстыру:

1) жиектердің еңісімен контурлармен қалпақтарды;  
қаптау:

1) картон, парусина және тағыда басқа күнқағарларды;  
такелаждық өндіріс:

өңдеу:

1) майланған кендір арқанмен тартылған палаткалар;  
тігу:

1) брезенттер;

2) авиацияда қолданылатын жібек, брезент және басқа да материалдардан жасалған бұйымдар: ұшақ кабинасын іштен қаптауға арналған баулап тігу, құрал-жабдықтардың сөмкесі, ұшқыш пен штурманның креслосының тысы, мотор мен жеңге арналған тыс, тегістеу, жамауды байқалмайтын тігіспен тігу, материалды күрделі емес сызбалар мен шаблондар бойынша пішу, ұшақтың жұмсақ керек-жарағын жөндеу және тігу;

3) терезелерді, есіктерді, желдеткіш саңылауларын өңдеусіз палатканың шатыры, тұйығы, бүйірлік қабырғасы;

4) тенттер;

5) антеннаға арналған қаптама;

біріктіру:

1) жіп, ағаш қақпалар, планкалар және басқа да бөлшектер;

жүн өндірісі:

өсіру:

1) қарапайым өрілген техникалық мауыттары;

басқа бұйымдардың өндірісі:

өңдеу:

1) рюкзактар;

әдіптеу:

1) кез келген формалы саңылауларды;

біріктіру:

1) майланған, кендір арқанның ұштарын.

## **Параграф 83. Тігуші, 5-разряд**

177. Жұмыс сипаттамасы:

эртүрлі материалдардан бұйымдарды тігудің күрделі операцияларын машиналарда немесе қолмен орындау;

қызмет көрсететін машиналар жұмысындағы ұсақ ақауларды жою.

178. Білуге тиіс:

күрделі операцияларды орындаудың әдістері мен амалдары;

тігін бұйымдарының ассортименті;

қызмет көрсететін машиналар жұмысындағы ұсақ ақауларды жою тәсілдері.

179. Жұмыс үлгілері:

тігін, үлбір, трикотаж, тоқыма-галантерея, баскиім, басқа бұйымдар, киіз басу, такелаждық өндірісі:

бормен белгілеу және қию (бұйымда):

1) борттар, қайырмалар, мойындар, жең ойындылары, бұйымның етегі;

2) жағалар;

3) суретті (торды, жолақтарды) қиыстырып келтіру кезінде жоғарғы бөлшектері;

қолмен орау:

1) ілмектерді;

өңдеу:

1) борттар;

2) жағалар;

3) мойындар;

4) бөлшектерді терең отырғыза отырып (трикотаж жаймалары);

5) капюшондар;

6) жоғарғы бөлшектердегі тілік қалталар;

7) қайырмалар;

8) құрастырып тігілген ілмектер;

9) жабық ойындылар;

10) алдының планкамен тіліктері;

11) рельефтер (трикотаж жайма, жасанды үлбір);

12) күрделілігі жоғары бүрмелер, тартпалар (трикотаж жайма);

13) 10 сантиметрге 5 бүрмеден кемінде келетін бүрмелер мен тартпалар (негізі тоқыма перделік жайма);

сырып тігу:

1) бұйымның етегі немесе жеңін сырып тігу;

2) резина сала отырып, жеңнің төменгі жағын сырып тігу;

3) борттарды, қайырмаларды, жағаны сырып тігу;

4) погондарды жиекке;

бекіту:

1) астарды, ішкі салманы ойындылардың тігістеріне;

қию:

1) жоғарғы бөлшектерде қалталардың саңылауларын;

2) планкамен өңдеу үшін алдыңғы жағын;

біріктіру:

1) жағалар мен капюшондарды мойындармен;

2) ішкі жағынан жапсырма қалталарды жоғарғы бөлшектерімен;

3) жапсырма қалталарды бөлшектермен, бұйымдармен;

4) жиектерді борттармен, қабат қайырмалармен;

5) лифтерді юбкамен;

6) манжеттерді жеңнің төменгі бөлігімен бір тігіспен;

7) саусақшаларды қолғапқа;

8) үлкен саусақты қолғапқа;

9) жоғарғы бөлшектері жиектелген жағдайда астарды бұйымның жоғарғы бөлігімен

;

10) белдікті шалбардың, юбканың, куртканың жоғарғы бөлігімен;

11) жеңді бұйымның жабық жең ойындыларымен орнатпай;

12) "найзағай" таспасын бұйымдармен (трикотаж жайма);

13) көкірекшелерді бюстгальтердің жабық кесіндісіне;

үлбір өндірісі:

жасау:

1) үлбір бұйымдардың юбкасындағы бүрмелер;

сырып тігу:

1) оюланған қолғап (сыртқы беті);

біріктіру:

1) жеңдерді орналастырумен жеңдерді іріктеу, жиектерді, әдіптерді;

2) қолғаптар;

трикотаж өндірісі:

еңбек бөлінісінсіз тігу:

1) жоғарғы трикотаж бұйымдары;

біріктіру:

1) биялайды саусақшалармен;

2) қолғаптар;

3) сызықтарды қолғаппен;

тоқыма-галантерея өндірісі:

еңбек бөлінісінсіз тігу:

1) қалыңдықтың желегі;

баскиім және киіз басу өндірісі:

жапсырмалар:

1) фуражкаларға тіректі;

сырып тігу:

- 1) табиғи және жасанды талшықтардан жасалған таспаны модель формасы бойынша ;
- өңдеу:
- 1) былғары баскиімнің қалпақтары;
- кесу:
- 1) табиғи үлбірден жасалған баскиімдер;
- сырып тігу:
- 1) сабаннан жасалған шляпалар;
- біріктіру:
- 1) амортизаторлардың тарамдарын шлемофонның үстімен;
- 2) жиекті, оқаны баскиімдердің бөлшектерімен;
- такелаждық бұйымдардың өндірісі:
- орау:
- 1) бау сақиналарды немесе тұйық жіптерді сала отырып, дөңгелек саңылауларды;
- өңдеу:
- 1) саңылауларды қаптап, сақина бауларды немесе тұйық бауларды салып, болат арқанмен тарта отырып палаткалар;
- тігу:
- 1) рифтерді сырып тігу арқылы терезелерді, есіктерді, желдеткіш саңылауларын өңдеумен палатканың шатыры, тұйығы, бүйірлік қабырғасы;
- орналастыру:
- 1) палаткалардың қаңқасы;
- жүн өндірісі:
- өсіру:
- 1) күрделі өрімдердің техникалық мауыттары;
- басқа бұйымдардың өндірісі:
- өсіру:
- 1) жіптердің, майланған кендір арқандардың, сым арқандардың ұштарын коушке;
- салу:
- 1) буйкаларды, кранецтерді, кеудешелерді тығынмен;
- салу:
- 1) туларға күрделі суреттер;
- қосып тігу:
- 1) сөмкелердің жиектерін;
- біріктіру:
- 1) болат арқандардың бастарын;
- арасын тігу:
- 1) қуыршақтарға арналған париктерді полиэтилен және пластизол қалпақтарға.

## **Параграф 84. Тігуші, 6-разряд**

180. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі материалдардан бұйымдарды тігудің аса күрделі операцияларын машиналарда немесе қолмен орындау;

181. Білуге тиіс:

аса күрделі операцияларды орындаудың әдістері мен амалдары;  
қызмет көрсететін машиналардың құрылымдық ерекшеліктері.

182. Жұмыс үлгілері:

тігін, үлбір өндірісі:

пальто-костюм ассортименті бұйымдарының бөлшектерін біріктіру:

1) жеңдерді пальтолар, шинельдер, сырт үлбір бұйымдары, пиджактар, фрактар, визиткалар, мундирлер, кительдер, плащтар, курткалар, жакеттер, комбинезондардың жең ойындыларымен;

үлбір өндірісі:

біріктіру:

1) қой терісі-ішік бұйымдарына жиектерді сала отырып, лифтерді юбкаға;

баскиім өндірісі:

перделеу:

1) шляпалар;

біріктіру:

1) фибра күнқағарларды маңдайшамен, фуражкамен;

такелаждық бұйымдардың өндірісі:

біріктіру:

1) астарды бұйымдармен;

2) тұйықты палатканың қабырғасымен, шатырымен.

## **Параграф 85. Төсеуші, 2-разряд**

183. Жұмыс сипаттамасы:

біріктіру буындарын, орау қаптарын, қапсырма тыстарын пішуге арналған механизмдер мен құралдарының көмегімен материалдарды төсеу;

парашют өндірісінде төсем жаймаларын орау;

материалдарды ұзындығы бойынша пішу қалдықтарын төсеу.

184. Білуге тиіс:

төселетін материалдардың қасиеттері мен артикулы;

материалдарды ұзындығы бойынша пішу қалдықтарын төсеудің әдістері мен амалдары;

қолданылатын механизмдер мен құралдардың жұмыс істеу принципі.

## **Параграф 86. Төсеуші, 3-разряд**

185. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен материалдардың барлық түрлерін, олардың тиімді қолданылуын есептеуінсіз төсеу;

материалдарды секцияның ұзындығы бойынша төсеуге арналған үстелді белгілеу; төсемнің ұзындығын тексеру;

төсемнің жоғарғы бетіне жаймалар мен трафареттердің суреттерін салу;

материалдарды парашюттің күмбезін, ранецтерін, камераларын, күмбез тысы пішу үшін олардың паспорттық деректерін, физикалық-механикалық көрсеткіштерін, түсін, эталонын бойынша таңдай отырып, оларды төсеу;

парашют өндірісінде схемаға немесе сызбаларға сәйкес жайманы белгілеу.

186. Білуге тиіс:

материалдарды олардың тиімді қолданылуын есептеуінсіз төсеудің әдістері мен амалдары;

секцияларға үстелдерді белгілеу тәртібі және материалдарды төсеу тәсілдері;

пішім түрін айқындау үшін төселетін материалдарды таңдау қағидалары;

төселетін материалдардың қасиеттері;

парашют өндірісінде жайма төсеу кезінде схемалар мен сызбаларды оқу қағидалары

## **Параграф 87. Төсеуші, 4-разряд**

187. Жұмыс сипаттамасы:

машиналарда немесе қолмен материалдардың барлық түрлерін, олардың тиімді қолданылуын есептеумен төсеу;

парашют өндірісінде бұйымдарды пішуге арналған төсемдерді қаптау кезінде ақауларды белгілеп немесе кесіп тастап, тексеру.

188. Білуге тиіс:

материалдарды, олардың тиімді қолданылуын есептеумен төсеудің әдістері мен амалдары;

дайын бұйымдағы шекті ақаулықтарды белгілеу тәсілдерін және оларды бұйымның жасырын немесе жабық жерлеріне келтіру;

тиімсіз қалдықтар, ұзындығы бойынша материалдардың жоғалту лимиттерін;

материалдардың шектері мен белгілеу қағидаларын;

қолданылатын машиналардың құрылысын.

## **Параграф 88. Фурнитурашы, 2-разряд**

189. Жұмыс сипаттамасы:



көкірекшелерді және түймені тарту, иірімжіптерді әртүрлі материалдармен керу;  
бөлшектер мен бұйымдарды лактауға дайындау;  
бөлшектер мен бұйымдарды лактау және тегістеу;  
әшекей баулар мен басқа да әшекейлерді әртүрлі материалдардан жасау;  
кавалериялық жабдықтарға арналған саптарды және серуен әбзелдерін жасау;  
кавалериялық ер-тоқымның терлігіне үлкен сүре жасау.

190. Білуге тиіс:

бөлшектер мен бұйымдарды тарту, керу, лактау, тегістеу және өңдеу бөлшектері мен декоративті әшекейлерді жасаудың әдістері мен амалдары;  
алғашқы бояу, бояу, лактау, кептіру режимдері;  
лак сапасы, қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері;  
түстерді таңдау қағидалары.

### **Параграф 89. Фурнитурашы, 3-разряд**

191. Жұмыс сипаттамасы:

иірімжіптерді және басқа да материалдарды түстері бойынша таңдау;  
әртүрлі өңдеу бөлшектерін (жаққыш, кутас, помпон, шашақ, желбірек, вуалетка және басқалары) қолмен немесе құрылғылардың көмегімен жасау;  
өңдеу бөлшектерін жасауға арналған құрылғыларды толтыру, тазалау, майлау, ұсақ жөндеу;  
бұйымдардың сапасын бақылау.

192. Білуге тиіс:

өңдеу бөлшектерін жасаудың әдістері мен амалдары;  
фурнитураны жасауға арналған құрылғыларды пайдалану тәсілдері;  
жасалатын бұйымдардың ассортименті, иірімжіптердің, материалдардың түрлері;  
ақаулықтардың пайда болу себептері, олардың алдын алу шаралары мен жою тәсілдері;  
жасалатын бұйымдардың сапасына қойылатын талаптар.

### **Параграф 90. Фурнитурашы, 4-разряд**

193. Жұмыс сипаттамасы:

өңдеу түймелерінің, иірімжіптердің үлгілерін целлулоидтан, ағаштан және басқа да материалдардан жасау.

194. Білуге тиіс:

өңдеу түймелері мен иірімжіптерді жасаудың әдістері мен амалдары;  
түймелер мен иірімжіптердің формалары;  
ақаулықтардың пайда болу себептері, олардың алдын алу шаралары мен жою тәсілдері.

### 3-тарау. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

195. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші (46-шығарылым) БТБА-ға қосымшада көрсетілген.

Жұмыстар мен жұмысшы  
кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-  
біліктілік анықтамалығына  
(46-шығарылым)  
қосымша

#### Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

Р/с №	Кәсіптердің атауы	Разряд диапазоны	Беті
1.	Арнайы баскиімдер аппаратурасының монтаждаушысы	4	3
2.	Баскиімдерді қалыптаушы	4-5	3
3.	Баскиімдердің сәнгері	3-6	4
4.	Желімдеуші	1-4	6
5.	Кестеші	1-6	7
6.	Костюм жөніндегі суретші	3-7	10
7.	Көшірме жасаушы	2-3	12
8.	Лекало жасаушы	3-5	12
9.	Лекало жаюшы	3-6	14
10.	Лекалонның орналасуын жобалаушы оператор	7	16
11.	Материалдар мен дайын бұйымдарды өңдеуші	2-3	16
12.	Материалдарды, жартылай дайын бұйымдар мен дайын бұйымдарды қабылдаушы	2-4	17
13.	Материалдарды, лекалалар мен бұйымдарды бакылаушы	1-6	19
14.	Материалдарды, пішім мен бұйымдарды жинақтаушы	1-5	22
15.	Пішуші	2-6	25
16.	Плиссирлеуші-бүрмелеуші	3-6	28
17.	Тігін бұйымдарын жоғары жиілікті токтар құрылғысында дәнекерлеу	3-5	30
18.	Тігін бұйымдарын термоөңдеуші	1-5	31
19.	Тігін жабдығының операторы	3-6	33
20.	Тігінші	2-7	36
21.	Тігіп пішуші (Тігіп пішуші-модельер)	4-7	40
22.	Тігуші	2-6	43
23.	Төсеуші	2-4	56
24.	Фурнитурашы	2-4	58

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК